В: Правильно ребята, в лесу нельзя шуметь, что же нам сделать, чтобы все посетители знали, что в лесу нельзя шуметь?

Дети - Давайте с вами поставим ещё один знак. Он предупреждает о том, что в лесу нельзя шуметь. (Дети ставят знак).

В: - Давайте попросим прощения у леса за то, что мы не очень хорошо себя вели.

Дети просят прощения. Лес молчит.

В - Наверное, лес сильно обиделся. А давайте сделаем ему подарки, смастерим грибочки. Смотрите, что у меня есть. Здесь каштанчики и пластилин. Из пластилина сделаем ножки, а шляпками будут каштанчики. Посмотрите, как я это сделаю (показ способа работы).

3. Самостоятельная работа детей. Кто смастерил, ставит свой грибок под деревья в лесу. Включается запись звуков леса. Воспитатель собирает детей около себя, обращает внимание на то, что лес рад нашим подаркам, простил нас и снова птички поют и радуются.

(появляется Старичок - лесовичек)

С-Л: Здравствуйте ребята! Большое вам спасибо за помощь, что вернули в лес голоса птиц, помогли

лесу, и за вашу помощь мне очень хочется сделать Вам подарок (дарит сундучек с лупами).

В: спасибо Старичок за подарок, нам пора домой, в детский сад.

(прощаются), а вот и наша сорока, она нам поможет вернуться в детский сад, давайте скажем волшебные слова:

-В детский сад не трудно попасть, надо немного поколдовать.

Как по команде, дружно присесть. По сторонам не надо смотреть

Глазки свои крепче закройте и кулачки все приготовьте.

Тихо подуйте на них, пошепчите и друг к другу их крепко прижмите

Так посидите в лесной тишине.

Вот и случились чудеса, открывайте дружно глаза.

Вот мы и очутились обратно в детском саду.

- Ну что, ребятки, вам понравилось наше путешествие? Где мы с вами были сегодня? Что вам понравилось? Как мы лесу помогли? Что нельзя делать в лесу?

Жыл құстары



Адилбаева Айгуль Сериковна
«Ерке Нұр» балабақшасының
тәрбиешісі

Сабақтың мақсаты:

Көктем туралы білімдерін кеңейту. Көктемгі құстар туралы түсініктерін шындай түсу. Көктемгі құстардың қайда мекендейтінін, немен қоректенетінін түсіндіру. Құстардың

атын қазақ тілінде дұрыс айтуға үйрету, әңгімелеу дағдысын жетілдіріп, тілін дамыту. Құстарды аялауға, қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Сабақтың әдіс-тәсілі: Көрсетіп түсіндіру, әңгімелеу, дидактикалық ойын

Сабақтың көрнекілігі: Құстардың суреттері (қарға, қарлығаш, қараторғай, сауысқан)

Сабақтың барысы: - Балалар, бізге қонақтар келіп отыр, қане қонақтармен амандасайықшы. Сә-ле-мет-сіз-дер-ме! Ал енді балалар қолымызды ұстап «Қуаныш шеңбер» құрып, бір-бірімізге жылуымызды білдірейік.

Құстарға біз барамыз,

Бірге ән де саламыз,

Қуанамыз, күлеміз

Асыр салып ойнаймыз.

- Балалар, жылдың қай мезгілі?
- Көктем мезгілі
- Дұрыс айтасындар, балалар.
- Көктемнің келгені қалай білдіңдер?

- Күн жылынады, ағаштар бүршік жарады, қар ериді, жер көгерді.

- Иә, дұрыс айтасындар.

- Балалар көктемнің тағы бір ерекшелігі күн жылына бастағанда жылы жақтан құстар ұшып келеді.

- Балалар қалай ойлайсындар, көктемгі құстар қайда өмір сүреді?

- Орманда, далада, тауда

- Дұрыс айтасындар.

- Балалар көзімізді жұмайық, бір сәт армандап, ойланайық.

- 1,2,3- көзімізді ашамыз

- Демалып, тыныстаймыз

- Тақтада ілулі тұрған құстардың суреттеріне назар аударындар.

- Мынау қандай құс?

- Бұл қарға

- Оның түсі қандай, көлемі қандай?

- Қара, үлкен

- Ал мынау қандай құс?

- Бұл қарлығаш

- Қарлығаш қандай құс?

- Әдемі, адамға дос, түсі қара-ала

- Ал мынау ше?

- Бұл қараторғай

- Қараторғай қандай құс?

- Кішкентай құс, түсі қара

- Ал мынау ше?

- Бұл сауысқан

- Жарайсыңдар балалар.
- Ал енді осы құстар туралы қандай тақпақ, жаңылтпаш білесіңдер?
- Қане, Әмірхан сен қандай құсты білесің?
- Мен қарға туралы тақпақ білемін

Әмірхан:

Қарға, қарға, қарғалар,
Қар үстінде жорғалар.
Боран соқса қар болар,
Бұтаға қонар қарғалар.

- Ал Санжар сен қандай құс туралы тақпақ білесің
- Мен қарлығаш туралы айтып беремін

Санжар: Адамның досы қарлығаш,

Қарның ашты білемін.
Тамағыңды берейін,
Ұяңа әкеп себейін.

- Жарайсың Санжар! тақпағын қандай тамаша.

Бағым:

Алақай-ау, балақай
Қандай жақсы көктемгі ай
Гүлге оранды далалар,
Келді ауылға көп торғай
Ал енді кезекті жаңылтпашқа берейік

Жәнібек: Аппақ қарға

Қара қарға
Ала қарға
Қонып отыр.

- Жарайсың Айдана!

Бекасыл: Қара қарға
Ала қарға
Аппақ қарға
Тоңып отыр
- Өте жақсы.

Енді көктем туралы біздің балаларымыз тақпақ айтып береді.

Мариям:

Көктем келді бүгін
Күн де төкті нұрын
Сайрап барлық құстар

Ән салуға құштар.

Айым:

Көктемде, көктемде
Күн нұрын төккенде
Көк шыбық былтырғы
Көгерді, құлпырды
Айсана: Көктем күні шуақты

Көктем күні қуатты
Мал жағалап суатты
Сай- саламен су ақты

Айдын: Көктем күні дүркіреп,
Жаңбыр жауды күркіреп.
Бәйшешектер жайқалып
Шыға келді қыр түлеп.

- Жарайсыңдар балалар!

Балалар біз шаршадық, бәріміз бірге біраз сергіп алайық.

Сергіту сәті: Бір, екі, үш,

Қанат қағып үш,
Болады сонда сенде күш!

- Балалар жарайсыңдар, біздің қонақтарымыз сендерге қуанып, рахметтерін айтып жатыр.

Дидактикалық ойын: «Құстарды орналастыру»

- Балалар, мына құстарды біз теректің басына орналастыруымыз керек. Балалар құстарды теректің басына орналастырады. Келесі құстардың ұясын құрастыру (тақтамен жұмыс)

Өзіндік жұмыс. Жұмыртқаның қабығынан ермексазбен балапанның мүсінін жасау.

Қорытынды бөлім: –Балалар, біз сендермен қандай құстармен таныстық?

- Қарлығашпен, қараторғай, қарға, сауысқанмен таныстық.
- Біз жұмыртқадан қандай мүсін жасадық?
- Балапан жасадық
- Сендерге бүгінгі сабағымыз ұнады ма?
- Иә, ұнады.

Рахмет сендерге, сау болыңыздар!

Саңырауқұлақтар



Оразбаева Бакытгуль Кумаровна
«Ерке Нұр» балабақшасының
тәрбиешісі

Мақсаты:

Саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыру. Сопақша және жартылай дөңгелек пішіндерден тұратын бейненің суретін салуға дағдыландыру.

Құлпырайды даламыз

Балалар біз бүгін саңырауқұлақтармен танысамыз. Саңырауқұлақтар 2 түрге бөлінеді. Жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтар. Жеуге жарамдылар жоғары сатыдағы саңырауқұлақтар. Оны өсімдік еті деп атап бағалы тағамдар қатарына қосады. Жеуге жарамды саңырауқұлақты улы саңырауқұлақтан ажырата білу керек. Саңырауқұлақтар жауыннан кейін қаптап кетеді. Олар қайың, емен, шыршаның түбінде өседі. Олардың түрлері: ақ саңырауқұлақ, қозықұйрық, көңқұлақ. Саңырауқұлақ 2 бөліктен тұрады: қалпағы, аяғы. Енді балалар В.Сутеевтің «Саңырауқұлақ саясында» ертегісін айтып берейін.

Бір күні құмырсқа жаңбыр астында қалады. Қайда тынығуға болады? Қараса, алаңқайда кіп-кішкентай саңырауқұлақ өсіп тұр екен. Ол жүгіріп барып

Эстетикалық талғамын дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін ояту.

Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбері

Арайлап таң атты
Алтын сәуле таратты
Жарқырайды қаламыз

саңырауқұлақтың әдемі қалпақшасының астына тығылады. Жауын сіркіреп тұр. Бір кезде қанаттары суланып, әрең ұшып көбелек келеді: -Құмырсқа, құмырсқа! Үстім су болды, ұша алмаймын. Саңырауқұлақтың астына мен де тығылайыншы! Құмырсқа: - Мен сені қайда кіргіземін?! Өзім де әрең сыйып тұрмын, - дейді ол. Түк етпейді, көңіл сыйса жер тарлығы оқа емес! Құмырсқа көбелекті саңырауқұлақтың астына кіргізеді. Жаңбыр тіпті қатты жауа бастайды. Осы кезде саңырауқұлақтың қасына ентіге жүгіріп тышқан келеді: - Кіргізіндерші мені, үстімнен су сорғалап тұр, -дейді тышқан жалынып. - Сені қайда кіргіземіз? Көрмейсің бе, өзімізге де орын жетпей тұр? Тышқан: - Сығылысып көрейікші?! Үшеуі сығылысып саңырауқұлақтың астына паналайды. Ал жаңбыр болса тоқтар емес. Саңырауқұлақтың қасына секіріп торғай келеді: - Қауырсындарым су болды, қанаттарым шаршады. Жаңбыр біткенше саңырауқұлақтың астына кіруге бола ма? - Орын жоқ, сені қайда кіргіземіз? Торғай: - Өтінемін жылжып көріндерші?! - Жарайды, кіре ғой. Құмырсқа, көбелек, тышқан жылжып саңырауқұлақ астына торғайды кіргізіп алады. Жаңбыр тоқтап, күннің жарқыраған көзі ашылады. Саңырауқұлақтың астындағылар бәрі қуанып, жүгіре алаңқайға шығады. Құмырсқа ойланып қалады. Басында

біреуінің өзі әрең сыйып, келе-келе бәріне пана болған саңырауқұлақтың сырын ұға алмай дал болды. - Сендер қалай ойлайсындар?

Енді сұрақ қоямын: Орманда кенеттен не басталды? Саңырауқұлақтың астына нелер жиналды? Жаңбырдан кейін не болды? Ендеше біз сергіту сәтін жасайық.

Сергіту сәті

Биік болып өсеміз
Жапырақтай жайқалып
Табиғатты сүйеміз
Денемізді тік ұстап
Билеп-билеп аламыз
Ендеше жұмысымызға кірісейік.
Педагог саңырауқұлақтың суретін қалай салу керектігін көрсетеді.
Енді мен сендерге **жұмбақ** жасырайын.
Тіреумен тіреп ақырын,
Көтеріп тұр шатырын
Ол не? (саңырауқұлақ)
Орманнан алып келген қазанбасты,
«Жейміз» - деп анам күліп, қазанға асты (саңырауқұлақ)
Балалардың жұмыстарын талдау және жақсы жасағандарын мадақтау. Оқу іс-әрекетін қорытындылау.

«Р», «Л» дыбыстарды ажырату



Салимбаева Майя Ахметовна
«Ерке Нұр» балабақшасының
педагог-логопед

Мақсаты: балаларға «Р», «Л» дыбыстардың дыбыстауын дұрыс айтуға үйрету, зейінін, ой-өрісін, тіл байлығын, ұсақ қол-қимылдарын дамыту. Дыбыстық талдау жасау. Артикуляциялық және тыныс алу, сергіту

жаттығуларын көрсету.

Түзету жұмысы: балаларға Р,Л, дыбыстарындағы сөздерді дұрыс айқызуға үйрету. Дыбыстарға байланысты қосымша тақпақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш жаттау, сөздік қорын дамыту.

Көректі құралдар: айна, дауысты дыбыстар және дыбыс салатын қалташа, суреттер.

Сабақ барысы

Шаттық шеңбері

Балалар, бізге бүгін көп қонақтар келіпті, амандасып алайық

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты.

Жарқырайды қаламыз

Жайнай түсті даламыз.

Қайырлы таң қонақтар!

Мұғалім: Бізге бүгін қонаққа қоян келді, қоян бос қолымен келмепті. Ол бізге сону ертегілер әлемінен Білім ханшайымынан хат әкеліпті. Білім ханшайымы бізге бірнеше тапсырма жіберіпті. Біз бұл

тапсырманы орындай аларма екенбіз, енді хатты оқып танысайық?

1-тапсырма: «Көңілді тіл» ертегісі арқылы артикуляциялық және ерін жаттығуларды жасау.

Мұғалім: - мына тапсырманы орындай аламыз ба?

Балалар: -Ия орындаймыз.

Мұғалім: -ендеше балалар, мен сендерге «Көңілді тіл» ертегісін айтып беремін, ал сендер ертегіні мұқият тындап отырып, артикуляциялық және ерін жаттығуларын жасандар. «Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде кішкентай үйшіктің ішінде Тіл өмір сүріпті. (Балалар ергіндерін үйшік қылып көрсетеді). Арайлап таң атқанда, Ұйқысынан оянып, тіл тұрады. Есігін ашып, көзін уқалап, Оңға – солға қарайды. (Сағат) Далаға шығып, таза ауда танғы жаттығуын жасайды (Алтыбақан). Жаттығудан кейін Тіл таңғы асын ішеді (Тәтті шырын). Астан кейін Тіл атпен шауып ойнайды. Тілдің көңіл күйі өте көңілді. (Ат шауып келеді). Содан кейін Тіл өлең айтуға кіріседі (-а; -о; -и; -у).»

Мұғалім: Жақсы, өте жақсы жасадыңдар. Енді, 2-тапсырмасымен танысайық. -Р,Л дыбыстарына байланысты тақпақ айту

Мұғалім: балалар, біз «Р», «Л» дыбысына байланысты тақпақтар білеміз бе?

Жатыр еді сұр күшік,

Ара, ара, аралар,

Өте берді бір мысық.

Орман бойын жағалар

Күшік оған «рррр»- деді

Гүлдерден сорып бал алар,
Мысық тұрып «бррр» -деді
Алысқа ұшып бара алар
Бал тәтті ғой, балалар!

Мұғалім: Жарайсындар, балалар. Ал енді «Л» дыбысына байланысты қандай тақпақтарың бар?

Лақтарым, лақтарым
Баласы күлімдейді
Лашықты лайламандар,
«Гүл өсірдім!» - деп
Лайланса лашықтарың
Анасы күлімдейді:
Ластанар лайлағандар
«Ұл өсірдім!»- деп
Лақпандар, лақтарым
Гүл құлпырып келеді,
Ұл ұмтылып келеді

Тыныс алу жаттығулары.

Мұғалім: Енді аздап шаршадық, денімізді алып, тынысымызды шығарайық.

«Ауызбен ауа жіберу» - толық демімізді алып, аузымызда ұстап тұрамыз, сосын шар тесілгендей хормен бірге жібереміз.

«шар жару» - толық демімізді алып, ауда шар үрлеу әдісін көрсете отырып, хормен шар жарылғанда шапалақ ұрады.

«Мұрынмен тыныс алу» - толық демімізді алып, оң жақ мұрнымызды саусақпен жауып тұрамыз, сол жақ мұрынмен тыныс аламыз.

3-тапсырма:

-«Р», «Л» дыбыстарына мақал – мәтел, жанылпауларды білесіңдер ме?

Ананың сүті – бал Кітап білім - бұлағы

Баланың тілі – бал

Алтау ала болса ауыздағы кетеді, Бірлік болмай, тірлік болмас

Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.

Әдепті бала – арлы бала,

Әдепсіз бала – сорлы бала

Мұғалім: Өте жақсы. Енді келесі тапсырмаға назар аударайық.

4-тапсырма: «Р», «Л» дыбыстарына дыбыстық талдау жасау. Қазір балалар, біз сендермен дыбыстық талдау жасаймыз. Мен қазір сөздің басын оқимын, ал сендер «Р», «Л» дыбыстарыңды айтып сөзді аяқтайсындар: Шар, шал, бор, бал, тал, тар, қар

Мұғалім: Жарайсындар, балалар жақсы орындадыңдар. Енді денемізді кішкене сергітеік:

Қанат қағып ұшамыз

Құстай болып қалықтап,

Бір отырып, бір тұрып.

Жаттуғылар жасаймыз.

5-тапсырма: дыбысқа байланысты жаңылтпашымызды айтайық.

Мұртты мұртын сүрті,

Лашын биік самғайды

Мұрттыны біреу тұртті

Лашын көкті шарлайды.

Ақ мақта ақ қардай аппақ па,

Ақ қар ақ мақтадай аппақ па?

Шаш ал, қас алма,

Ас ал, қасарма

Қорытынды.

Мұғалім: Балалар сендерге бәр тапсырмаларды дұрыс орындадыңдар. Рахмет.

Кері байланыс. Сендерге бүгінгі сабақ ұнады ма? Кім бүгін ызге қонақа келді? (Құыршақ) Ол бізге не әкелді? (Білім ханшайымынан хат әкелді) Ал Білім ханшайымы деген кім? (Ертегілер әлеміне оқу мен жазуды, білімді беретін ханшайым)

Өнерлі тәрбиеші өрге жүзер



Раимбекова Саламат Муқановна
«Ерке Нұр» балабақшасының
әдіскері

Мақсаты: Жас мамандардың кәсіби біліктіліктерін арттыру, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру. Теория мен тәжірибені ұштастыра отырып, кәсіптік құзыретіліктерін нығайту. Ұжымдық

қарым-қатынасқа психологиялық бейімдеу, өзара тәжірибе алмасу.

Қатысушылар: педагогтар

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті қонақтар, сайысқа қатысушылар. Бүгінгі «Өнерлі тәрбиеші-өрге жүзер» атты кешімізге қош келдіңіздер!

Тәрбиеші күн нұрына бара-бар,

Ізгілікпен мейірімге толы олар

Шуақ болып жүректерге таралар

Тәрбиеші -әр бүлдіршіннің сауатын ашып, өнерге үйретіп, тәрбие беретін «білім» атты кемеге алғаш, отырғызып, болашаққа жол көрсетеді.

Шын жүйріктер сыналады жарыста

Жарыстың ба, орта жолда қалыспа

Әділқазы бағалайды сіздерді

Жеңіс мәре жақын ба, әлде алыс па? - дегендей сайыскерлерге баға беретін әділқазылармен таныс болыңыздар.

Әділқазы төрайымы: Айман Құсанқызы, Майя Ахметқызы

Жүргізуші: Бәйгенің аттарындай шабыстары

Білімнің ұшқыр болсын табыстары

Қол соғып, қошеметтеп отырайық,

Тәрбиешілер бүгін, міне сайысады

Бұл сайыс ерекше сайыс, бұл күні сайысқа қатысушылармен қатар оларды әдістемелік және психологиялық көмек берген тәлімгерлердің де сайысы.

1 топ «Жұлдызай» тобы, еңбек өтілі 1 жылға дейінгі жас мамандар Белгібаева Меруерт, Мукашева Айжан, Саясат Жазира

2 топ «Бойтұмар» тобы еңбек өтілі 2-3 жыл болған педагогтар Чурумбаева Гүлмира, Қажығалиева Эльвира, Нурбаева Бақытгүл

Сайыс шарттарымен таныс болыңыздар.

1. Ал,қанекей, танысайық!

2. Өнерлі өрге жүзер.

3. Ой қозғау

4. Таңғажайып әлем

5. Туған тілім-тірлігімнің айғағы

6. «Қазіргі заманғы тәрбиеші» моделі

7. «ЭКСПО-17»-ге қосар үлесің.

Жүргізуші:

Бәйге десе жарысудан қашпайық,

Ойланайық, асықпайық, саспайық.

Ал бірінші сайыс шарты бойынша

Топтарыңызды таныстыра бастайық-деп, сайыстың бірінші шарты бойынша топтарды таныстыруға кезек береміз.

2. Өнерлі өрге жүзер

Ал, кімнің өнері бар қаншалықты

Би билеп, енді бірі ән салыпты

Бүгінгі байқаудан бәйге алуға,

Педагогтар аянбай жан салыпты.

(«Бүлдіршіндер» биі) («Жалғыз көзді ана» қойылымы)

3. Ой қозғау

Жүргізуші:

Ал, тәрбиешілер, сайысқа қалайсыздар

Сендер өтер әлі де талай сын бар

Тапсырма ал, қоржыннан қымсынбай кеп,

Жаңылмай жауап берсең жарайсыңдар, -дегендей бұл шартта ілінген шарларды көздеп атып, ішіндегі сұрақтарына жауап береміз. Бұл тапсырмада өз мамандықтарыңа сәйкес 1 сұрақ, 1 ситуациялық сұрақ бар. Ситуациялық сұрақты рөлге еніп қойып береді, және шешеді.

1. а) 2010-2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасы қай жылы, нешінші қаулысымен бекітілген?

Б) Балабақшадан келген бала «мен балабақшаға енді бармаймын, маған апай ұрысты» деп айтып баратын болған. Сізге осы жайды ата-ана ескертеді, сіздің әрекетіңіз.

1 сұрақ. А) Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің бөлімдерін атаңыз және әрқайсысына тоқталып өтіңіз.

Б) Сізде қарапайым математикалық ұғымды қалыптастыру сабағы болып жатыр. Бір тәрбиеленуші сіздің сабақ өткізуіңізге қайта-қайта кедергі жасауда. Сіздің әрекетіңіз.

2 сұрақ. а) ҚР –ның мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты қай жылы бекітілген?

Б) Сізде бүгін қоршаған ортамен таныстыру, «гүл» тақырыбында өткізілмекші. Кенет сол сәтте ойнап жүрген тәрбиеленушіңіз сіздің сабаққа қолданатын топтағы өсіп тұрған гүліңізді құлатып, шашып тастады. Сіздің әрекетіңіз.

А) Серуен кезінде не жоспарланады және оған тоқталып өтіңіз.

Б) Сізге басшылық бүгін бітіруге тиісті өте маңызды тапсырма берді. Тек ғана сіз орындайды деген сенімде. Ал, отбасы жағдайында күтпеген жерден бір қиындыққа тап болдыңыз. Сіздің әрекетіңіз.

Жүргізуші:

Мамандықтың сан түрлі әдісі бар,

Оның сырын біледі ме, қатысушылар

Өздері таңдап алған ертегімен

Ал, қане сайыскерлер жарысыңдар-дей отырып, жаңа үлгідегі «Таңғажайып әлеміне» кезек береміз.

(«Күн нұры» ертегісінен) («Болашақты болжаған бала» ертегісі)

Жүргізуші:

Сайыскерлер көсіліп шабар жерің бар,

Ту көтерген елің бар,

Атадан қалған ардақты

Қасиетті тілің бар, -дей отырып, «Туған тілім-тірлігімнің айғағы» атты сайысымызға кезек береміз.

«Мақал-сөздің мәйегі» демекші, екі топқа ортақ мақал-мәтел айтылады. Сол мақалдың ішіндегі бір сөзді алып, келесі мақал-мәтелді құрастырып айтысады. Мысалы, «Оқу-білім азығы, білім-ырыс қазығы», келесі топ «Ырыс-алды ынтымақ». Бір айтылған мақалды қайталауға болмайды.

Жүргізуші:

Үйретеді ойнатып, ойландырып,

Жамандықты тастайды артқа ысырып,

Жақсылықты жолына жарық қылып,

Педагогтар жүреді алға ұмтылып, -дей келе, сайыстың бұл шартында топтар өздерінің дайындаған «Қазіргі заманға тәрбиеші моделі» туралы жұмыстарымен бөліседі.

Жүргізуші:

Арманға апарады таңдар ғана,

Өзгерді қоғам бүгін, санаң жаңа

«ЭКСПО-17» ге үлес қосар,

Ізденген, шығармашыл мамандарда, -дей келе, «ЭКСПО-17» ге қосар үлесің-атты соңғы сайысқа кезек береміз.

«Жұлдызай» тобы балаларға арналған «Алтын сақа» ойын алаңы атты жобасын, «Бойтұмар» тобы жаңа үлгідегі күн энергиясынан қуат алатын балабақша жобасын қорғады.

Сайысымыз соңына де келіп жетті. Педагогтарға деген –ұлы құрмет толастамауы керек. Өйткені, ұрпақты тәрбиелейтін осы ұстаздар. «Өнерлі - өрге жүзер» сайысының қорытынды сөзін әділқазылардан күтеміз.

«Ұстазым» әнімен сайысымыз қорытындыланады. Марапаттау .

Жолың болсын, жас түлек!



Кажыгалиева Эльвира Кажыгалиевна
«Ерке Нұр» балабақшасының
тәрбиешісі

Мақсаты: Оқу-тәрбие жайлы нақыл сөздер, балаларды ұстазға деген құрмет сыйын арттыру. Ұстаз еңбегін қадірлей білуге үйрету. Ұйымшылдыққа, достыққа, татулыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: нақыл сөздер, ертеңгілік тақырыбы, шарлар, гүлдер, ленталар

Тәрбиеші Айжан: Құрметті ата-аналар, қадірлі балғын түлектер! Бүгін қызығы мол тәрбие мен білім ордасы, ұлықтың мекені «Жолың болсын, жас түлек!» атты балабақшамен қоштасу салтанатына қош келдіңіздер! Алтын ұя балабақша табалдырығынан ұшқалы тұрған «Қызғалдақ» тобының түлектерін құрметтеп ортаға шақырамыз, қарсы алыңыздар!

Залға балалар шармен, музыка әуенімен кіреді. Музыка әуені ойнап тұрады. Балалар қатармен билеп сахнаға шығады. Қыздар «Көбелек» биін билейді.

Шаттық шеңбері

Жақсылыққа құмармыз

Жақсы адам боп шығамыз

Таза сәби жүректен,

Қабылдаңыз мың алғыс! (шарларын ұшырады)

Аруна:

Құрметті қонақтар, армысыздар

Бәріңізде есен-аман, бармысыздар

Таусылмайтын ағытып ой арманын

Ал достарым ақ жол тілеп сөз бастаған

Қайсар:

Ақ тілекті ағытып бір тастайық

Қоштасатын кешімізді біз бастайық

Жүздерінен көркем шаттық арайлы

Болсын солай әр күнің, әр айың

Айерке О:

Бүгінгі қоштасу кешімізді бастай отырып ортаға білім мен тәрбие нәріне сусындатқан апайларымызды ортаға шақырамыз (ортаға екі тәрбиеші шығады)

Тәрбиеші:

Түлектерге үлкен ақ жол тілейміз!

Ақ тілекті ағытып бір тастайық

Қоштасатын кешімізді бастайық

Жүздерінде көркем шаттық арайы

Өтсін солай әрбір күнің, әр айың,- дей отырып келесі сөз кезегін балабақшамен қоштасып жатқан достарына арналған тақпақтарын айтып берсін.

Адина

Жақсы оқып мектепте

Тәртіпті боп жүріңдер

Жаман қылық көрсетпей

Ден қойыңдар білімге

Айзере Е

Біз ғой әлі бүлдіршін

Мектепке әлі барамыз

Ақ жол тілеп сендерге

Ақ тілекті арнаймыз

Аруна:

Алдымдағы балалар

Мектепке кетіп барады

Тақпақ айтып бір-бірден

Қимай кетіп барады

Бағым

Оқисың, білім аласың

Болашақ жолын ашасың

Балабақшамен қоштасып

Сен мектепке барасың

Аружан

Балабақша есігін

Сәби болып аштыңдар

Балапандай мәпелдеп

Өсірді бізді бақшамыз

Қарақат:

Қолыма гүл аламын

Дайын дәптер, қаламым

Таң қалдырып достарымды

Мен мектепке барамын

Тәрбиеші:

Мерекеде сызылтып ән салады

Ән айтып, биде билеп жан салады

Бұл ұлы мерекеде ән салғанда

Бүкіл ел шапалақтап қарсы алады

Ән «Отан ана»

Тәрбиеші:

Алдыңдағы балалар

Мектепке кетіп барады

Тақпақ айтып бір-бірден

Қимай кетіп барады, - дей отырып, ортаға балаларымызды өз тақпақ, өлеңдерін айтуға шақырамыз.

Инжу

Үлкендердей тап-таза

Бормен жазып тақтаға

Үлгілі бала боламын

Жүретіндей мақтана

Бекарыс:

Қуанамыз сыйлаймыз

Қуаныштың мың гүлін

Бақшамызбен қимай біз

Қоштасатын күн бүгін

Айару Қ

Балабақшам бесігім

Тағы бір той жасайық

Ашты мектеп есігін

Өзіңменен қоштасып

Аңсар:

Оқимыз, білім аламыз

Болашақ жолын саламыз

Бақшамызбен қоштасып

Біз мектепке барамыз

Вальс

Білгішбек (Меруерт): Балалар мен сендерге ақ жол тілеп сендердің мерекелеріңе құтты болсын айтқалы келдім. Сендер барлықтарың ақылды, саналы білімдісіңдер. Мен сендерді өз әлеміме шақырамын, менің достарым боласыңдар. Бізді алда көп білім асулары күтіп тұр. Келісесіңдер ме?

Сол кезде велосипедпен Жалқаубек келеді

Жалқаубек (Балқия): Ой мында не болып жатыр? Кеттік балалар ойнауға, не істеп жатырсыңдар? Далада қызық болып жатыр, кеттік.

Тәрбиеші: Ау, Жалқаубек сенің мұның не? Мерекеге киініп келмейсің бе? Сенде биыл мектепке барасың ғой. Қарашы мына Білгішбек қандай бала болғанын, сенде талпынуың керек емес пе?

Жалқаубек (Балқия): Ой мына Білгішбек мұнда не істеп жүр. Бар өзіңнің мектебіңе. Балалар менің досым болады. Біз мектепке бармаймыз, әжеміз оқиды басымызды ауыртпаймыз.

Тәрбиеші: Қой Жалқаубек, біздің балалар мектепке әзір. Бүгін балабақшамен қоштасып жатыр. Сен апаңнан қалмай жылап балабақшаға келмей жүргенде біздің балалар бәрін оқып, біліп алған. Қане отырып көресің.

Білгішбек (Меруерт): Апаймен балалармен ойын ойнап көрейікші. Балалар дайын ба?

Ойын «Оқу құралдарын ажыратып салу»

Шарты: ортаға екі бала шығып сөмкеге ойыншықтардың арасынан оқу құралдарын ажыратып салу.

Тәрбиеші: Балабақша қызметкерлеріне арналған балалар тақпақтарын тыңдайық.

Диас:

Гүлдендірген бақшаны
Меңгеруші апай жақсы адам
Сондықтан да біз үшін
Артықсыз сіз басқадан
Жайдары жүз, айқабак
Жүреді бізді аймаалап
Тобымызға жиі кеп,
Білгенінді сұрайтын

Р.Айым:

Баулап, баптап өсірдіңіз
Бұзықтық етсем кешірдіңіз
Ұмытпаймыз өзіңізді
Психолог апайымызды

Ерсұлтан:

Әрқашан бізге жалықпай
Орыс тілін үйреткен
Айтам алғыс тілекті
Дамира апай өзіңе

Айзере Р:

Әлпештеп бізді баптаған
Ардақтап бізді мақтаған
Естен кетпес күніміз
Бізбен өтті әр күніміз
Бізге үміт артасыз
Шығады әнші, биші деп
Алғысымды айтамын
Біздің Айжан апайға

Алтынай

Тәрбиеші мен күтуші
Анамыздай біздерге
Тек жақсылық тілейміз

Рахмет айтып сіздерге

Алинур М:

Тәтті тағам пісірген
Айран, сүтін ішкізген
Аспазшы апайлар
Сіздерге де мың алғыс

Алижан:

Күлімдеген жақсы адам
Ақ төсекке жатқызған
Басымыздан сипаған
Балжан апайға көп рахмет

Тәрбиеші:

Ал Жалқаубек, қалай екен біздің балалар? Олай болса менде ойынды жалғастырғым келіп тұр «Ия, ия, жоқ, жоқ» ойынын ойнаймыз.

1. Мектепке біз барамыз ба?

2. Кілең бестік аламыз ба?

3. Айтқан тілді аламыз ба?

4. Ақылды бала боламыз ба?

5. Нан жеймін деп жылаймыз ба?

6. Ертеңгісін тұрамыз ба?

7. Сабақта отырып ұйықтаймыз ба?

8. Ойыншықтармен ойнаймыз ба?

9. Екі алғанда жылаймыз ба?

10. Оқушы біз боламыз ба?

Тәрбиеші: Рахмет көп-көп.

Балаларымыз көңілді

Шақырайық ортаға

Тойымызға сән беріп

Би билейік жаңаша

Кешіміздің одан әрі жалғасын биге берейік

Би «Бизнесмендер» ұлдар

Жалқаубек (Балқия): Ой балалар, апаларың да аналарың да шаршайды ғой, бармаңдар мектепке не керек?

Тәрбиеші: Олай болса ата-аналармен де «Ия, ия, жоқ, жоқ» ойынын ойнайық.

1. Балаңызға әрқашан тірексіз бе?

2. Сабақ оқытуға, есепке жүйріксіз бе?

3. Баланы уақытылы тамақтандырасыз ба?

4. Балаңыз қиқарланса төзімділік білдіресіз бе?

5. Сериал көріп жатасыз ба?

6. Ұрып, нұқып үйретуге барасыз ба?

7. Оқыту мұғалімнің жұмысы деп ойлайсыз ба?

8. Сен оқып, мен оқып шаршадым деп ұрысуға дайынсыз ба?

9. Балаңыз үшін балаларды соғасыз ба?

10. Бала үшін асулардан асасыз ба?

Тәрбиеші: Балалар бүгін біздің мерекемізге Әліппе келіпті. Мектепке барған кезде ең бірінші оқитын кітаптарың Әліппе болады.

Әліппе (Айша): Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мерекелерің құтты болсын! Мен сендерді сырттарыңыздан бақылап тұрдым. Сендер бәрін біледі екенсіңдер, қандай ақылдысыңдар. Жақсы балалар екенсіңдер.

Балалардың тақпақтарына берейік.

Амина

Қызық күндер өткіздік

Балабақша бағында

Көп оқыдық көп білдік

Ел мен Отан жайында

Жігер:

Бал күлкілі баламыз
Оттай лаулап жанамыз
Бейбіт таңда бас қосып
Би билеп, ән саламыз

Ерасыл Т:

Ботақандай бөбек деп
Еркелеткен ұл, қызын
Анамызды ерекше
Қуантамыз біз бүгін

Айым Н:

Тәрбие берген ұямыз
Тәртіпті бала боламыз
Қоштасып балабақшамен
Біріншіге барамыз

Би «Гүлдер»

Жалқаубек (Балқия): Білгішбек сен оны қайдан
біліп алдың? Менің асығымнан, фишкамнан,
добыңнан да қызық ойын екен, мен де үйге барып

мектепке дайындалайын, балалар сау болыңдар күзде
мектепте кездесейік.

Тәрбиеші: Білгішбек саған көп рахмет, Жалқаубекті
дұрыс жолға салдың ғой.

Ән «Біз мектепке барамыз»

Тәрбиеші: Бүгінгі той бәрімізге құтты болсын!
Дендеріңіз сау, аман-есен мықты болсын! Мектеп
есігі әрқашанда ашық болсын! Біріншіге баратын
қадамдарың құтты болсын!

Бір ана, бір атаның тірегіміз

Бір болсын қайда жүрек тілегіміз

Бірлік барда, тірлік бар деген бабамыз

Бірлікпенен бірге соқсын жүрегіміз!

Міне балабақшамыздың жүректері лүпілдеп,
мектепке қадам басқалы тұр. Бойларындағы бар
өнерлерін сіздерге барынша көрсетті. Ақ жол
тілеймін, сапарларың оң болсын бүлдіршіндер!
Ендігі сөз кезегін балабақша меңгерушісіне және ата-
аналарға береміз!

Тіл кемістігі

Абделиева Жазира Сабыралиевна

Жуалы ауданы әкімдігінің білім бөлімінің №1 Балалар өнер мектебінің «Театр» үйірмесінің мұғалімі

Сабақтың мақсаты:

Баланы түзету жұмысына ынталандыру, саналы түрде тапсырмаларды орындауға үйрету, зейін, тындау, ойлау қабілетін дамыту. Логопедиялық жұмыстың мақсаты мен мазмұны баланың сөйлеу тілінің бұзылуының себептерін анықтап, сонымен қатар сақталған функцияларын орнына келтіру, дамыту мүмкіншіліктеріне негізделеді.

Фонематикалық есту – адамның сөздік дыбыстарды талдау мен біріктіруге қаблеттілігі.

Сабақтың көрнекіліктері: Тіл қимыл суреттері, аталған заттар бейнелері.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру:

Өткен сабақты сұрау.

Дауысты, Дауыссыз дыбыстардың әртүрлі кезеңде айтылуы.

Өткен сабақты қорыту.

II. Жаңа сабақ:

Сөйлеудің дұрыс қалыптасуы үшін мидың бүкіл құрылымдарының сақталып, мүлтіксіз қызмет атқаруы қажет. Сөйлеудегі ең маңызды элементтер - есту, көру, моторика жүйесі. Ауызекі сөйлеу перифериялық сөйлеу аппаратының негізгі үш бөлімінің - дем алу, дауыс және артикуляция, бұлшық еттерінің үйлесімді жұмыс атқаруы нәтижесінде іске асырылады.

- Тілдің мүкістігі дыбыс шығарудағы сөйлеу мүшелері: тілдің, еріннің, төменгі жақ сүйектерінің нашар қимылдауларынан, тістің құрылысынан да болуы мүмкін. Тілдің қалыпты деңгейден нашар қимылдауы себебінен өте қысқа тіл асты желбезегі оның жоғары көтерілуіне мүмкіндік бермейді. Тілдің өте үлкендігінен, жөнді бұрыла алмауынан да, сөйлеу тілі бұзылады. Сонымен қатар тістердің арасының алшақтығынан және ретсіздігінен сөйлегенде тілдің ұшы сыртқа шығып кетіп, сөздің анықтығы бұзылады.



Дидактикалық ойындар. Бұл ойынды белгілі ережесі мен мазмұны бойынша үлкендер ұйымдастырады. Дидактикалық ойындардың міндеті - балалардың бағытталған және ортақ іс-әрекетін ұйымдастыру. Бұл ойын барысында бала еш мәжбүрсіз, байқамай қажетті білімдерді алады. Балалар ойын тапсырмаларына қызыға көңіл

бөледі. Табу, айту, атау, ойын тапсырмасын сапалы шешуге көңіл бөледі: сұлбаны әдемі құрастыру, суретті дұрыс таңдау.

5 жастағы бала дидактикалық ойын барысында заттардың саны мен сапасын оның атауларды, оларды сыртқы бейнесі бойынша салыстырып, есте сақтауды үйренеді. 6 жастағы бала ойын тапсырмасын сапалы шешуге қызығушылығы арта түседі. Ал 7 жасқа таман бұрынғысынша ойын әрекеті қызықтырады, бірақ көбіне ойынның нәтижесі қызықтау болады. Бұл кезде өзіндік ұйымдастыратын, бағалау, өзін-өзі бақылау сияқты қасиеттерін дамытуға ықпал ететін ойындар қолданылады. Бұл жастағы балалар үшін аспапты таны, дыбыстарды қайтала, өзің сүйетін әуенді орында деген сияқты музыкалық дидактикалық ойындар қолданылады.

Логопедиялық сабақтардағы дидактикалық ойын барысында балаларды асықпай сөйлеуге тәрбиелейді; дыбыс айтуы шыңдалады, сөздік қоры молаяды. Есту зейіні мен фонематикалық естуін дамыту үшін музыкалық дидактикалық ойындардың да маңызы зор.

Қимылды ойындар. Сөйлеу тілінде кемшілігі бар балаларда қимыл бұзылысы жиі кездеседі: қимылдың епсіздігі жинақылық емес ебедейсіз, әр түрлі қимыл икемсіздігі. Сол үшін қимылды ойындардың алатын орны ерекше. Балалар қажет қимылды шыңдайды, ұжымдық ойындар ойнауды үйренді. Олар үшін дыбысталған қимылды ойындардың маңызы зор, логопедияда бұл ойындар логопедиялық ритмика деген атаумен таныс. Бұл ойындар алада дұрыс тыныс өлең мен дыбыстауды, қимылды сөзбен ұштастыруды тәрбиелеуге әсер етеді.

Шығармашылық ойындар. Бұл ойында балалар өз ойын қиялын, қоршаған әлемнен алған әсерін өз білімі мен тәжірибесін көрсете алады. Шығармашылық ойынның бір түрі құрылыс заттарымен ойнау. Бұл ойынға баланың кеңістікте бағдарлануына көлем мен сан, сапа туралы түсінігін дамытуға әсер етеді.

Құрылыс ойындарында кубиктер, қораптар, баулар, құм, сазбалшық, т.б. қолданылуы мүмкін және де құрылыс ойындарын сондай-ақ түзету мақсатында да қолданады: баланың байсалды мінезіне, сабаққа өзгерту енгізу үшін. Құрылыс ойындарын бірінші логопедиялық сабақтарда ғана қолдануға болады. Бұл баланың сөйлеуімен байланысты. Жеке заттарды атайды, сұрақтарға жауап береді.

Драммалық ойындары өте қызықты өтеді. Бұл кезде балалар сүйікті ертегілерін айтады, ертегі кейіпкерлерін салады, диалог жүргізеді. Егер қажетті киімдер мен бетперделер дайындалса ойын одан әрі қызығырақ болады. Драммалық ойыны бала бақша қуыршақтары мен де жүргізіледі. Бұл ойын бала дұрыс сөйлеуге үйренгеннен кейін ғана

ойнатылады. Ойынды өткізу үшін жақсы дайындалу керек. Алдымен балаларға ертегіні оқиды, сұрақтар қояды, қимылдарды бейнелейді. Осыдан кейін ғана барып ойынға кірісуге болады.

Мағыналық-рөлдік ойындарда баланың өмір туралы түсінігі кеңейеді. Мағыналық - рөлдік ойындардың тақырыбы әртүрлі әрі балаға жақын болуы керек. Логикалық сабақтарда рөлдік ойындар бала еркін сұрақтарға жауап бере алғанда ғана ойнатылады.

Қорытынды



Аңыз әңгімелер

Шаймерденова Асемгуль Мухаметалиевна
"Пески орта мектебі" КММ
қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі

Сабақтың мақсаты: оқушылардың аңыз әңгімелер туралы түсініктерін толықтыру; аңыз әңгімелердің түрлері, ерекшеліктері туралы түсіндіру; теориялық материалды дұрыс пайдалануға үйрету; аңыздарды мазмұндай білу, баяндау дағдыларын дамыту; тіл байлықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту; халық мұрасын аялауға баулу.

Сабақтың түрі: жаңа білімді игеру сабағы.

Сабақтың әдіс-тәсілдері: мәнерлеп оқу, салыстыру, топпен жұмыс, баяндау.

Сабақтың көрнекілігі: тірек сызбалар, суреттер, қосымша материалдар.

Сабақтың барысы:

I Ұйымдастыру кезеңі

II Сабақтың мақсат-міндеттерін түсіндіру

III Жаңа сабақ:

1. «Аңыз әңгімелер туралы не білесіңдер?» деген сұрақ қою арқылы оқушылардың 5-сыныпта алған білімдерін өзектендіру.

2. Оқулық мәтінімен жұмыс. Мәтін мазмұнымен танысу.

3. Сөздік жұмысы. Лексикалық жұмыс:

4. **аңыз** – легенда

нақтылы – конкретный

шыққан тегі – происхождение

географиялық нүкте – географическая точка

тарихи шындыққа негізделген – основан на реальных событиях

өмірін құрбан ету-пожертвовать жизнью ру – род Жаңа тақырыпты өз бетімен меңгеру тапсырмаларын орындау («Білу», «Түсіну» қадамдарының тапсырмалары).

1-қадам: «Білу»

1. Аңыз дегеніміз не?

2. Аңыз әңгімелердің қандай түрлері бар?

3. Тарихи аңыздар дегеніміз не?

4. Тарихи аңыздарға қандай аңыздар жатады?

5. Топонимикалық аңыздар дегеніміз не?

6. Топонимикалық аңыздарға қандай аңыздар жатады?

7. Батырлар туралы аңыздарда не туралы баяндалады?

8. Ғашықтық туралы қандай аңыздарды атап бере аласыңдар?

9. Қазақ аңыздарының көбі кімнің есімдерімен байланысты?

2-қадам: «Түсіну»

Неліктен аңыз әңгімелер тарихи, топонимикалық, батырлар жыры немесе ғашықтық аңыздар деп бөлінеді?

IV Сабақты бекіту: **3 – қадам «Талдау»**

Аңыз әңгімелер мен ертегілердің айырмашылығы мен ұқсастықтарын көрсету:

Р / с	Аңыз әңгімелер мен ертегілер		Кейіпкерлері	
	Ұқсастықтары	Айырмашылықтары	Ұқсастықтары	Айырмашылықтары

4- қадам: «Жинақтау»

Мәтін мазмұны бойынша тірек сызба құрастыру.

V Сабақты қорытындылау:

«**Араның ұясы**» техникасын пайдалану. Мұғалім екі оқушыдан тұратын әр жұпқа кім не білгендігі жөнінде ойларымен бөлісіп, өздері қойғысы келетін екі сұрақ дайындау жөнінде тапсырма береді. Әрі қарай әр жұп кезекпен сұрақтарын қояды. Бұл сұрақтарға жауапты мұғалім немесе басқа оқушылар береді.

VI Үйге тапсырма:

1. Хрестоматияда берілген аңыздарды оқу, мазмұндау.

2. Өздерінің тұратын жерлеріне, сол жердің атақты адамдарына байланысты туған аңыздарды біліп келу.

VII Оқушылар білімін бағалау:

Оқушының аты-жөні	Сөздік жұмысы	«Білу», «Түсіну» қадамдарының тапсырмалары	Тірек сызба құрастыру	«Араның ұясы» техникасы	Қорытынды баға

VIII Рефлексия кезеңі:

Сабақтан алған әсерлері туралы ой бөлісу.

Изменение имён прилагательных по числам

Литвиненко Виктория Вячеславовна
учитель начальных классов
КГУ «Буденновская общеобразовательная школа»

Тип урока: сообщение новых знаний.

Цель урока: формировать умения изменять имена прилагательные по числам; формировать знания учащихся об основных грамматических признаках имен прилагательных (числе); о том, что число прилагательного совпадает с числом существительного, к которому данное прилагательное относится.

Задачи:

-учиться строить речевые высказывания, участвовать в обсуждении содержания учебного материала, учиться формулировать собственное мнение, учиться сотрудничать с соседом по парте, с товарищами в классе.

-понимать, принимать и сохранять учебную задачу; действовать по плану и планировать свои учебные

действия; контролировать процесс и результаты деятельности, вносить коррективы; адекватно оценивать свои достижения, осознавать возникающие трудности и стараться искать способы их преодоления.

-искать, использовать информацию; слушать, извлекая нужную информацию, соотносить её с имеющимися знаниями, опытом; пользоваться словарём, имеющимся в учебнике; формулировать выводы на основе выделения существенных признаков; проводить сравнение; строить объяснение в устной форме; строить логическую цепь рассуждений.

Ход урока

I. Организационный момент. Позитивный настрой.

-Вот звонок веселый смолк,

Пригласив нас на урок.

Время нам нельзя терять,

Будем работать начинать

Друг на друга посмотрите,

Посмотрите на гостей,

Улыбнитесь им скорей,

Пожелайте друг другу удачи!

-Ребята, какое у вас настроение?

-Возьмите смайлики и определите своё настроение на начало урока.

II. Актуализация знаний.

- Откройте тетради, запишите число, классная работа.

-Ребята, скажите, какую часть речи мы с вами начали изучать?

Имя прилагательное – огромная страна,

И нами лишь частично изучена она.

Сегодня на уроке мы продолжим исследовать имя прилагательное, будем открывать новые знания и закреплять полученные.

Повторение об имени прилагательном.

А сейчас давайте повторим всё, что мы уже знаем об этой части речи.

А чтобы было интересно повторять, сыграем в игру «Или нет, или да.»

«да»- +; «нет» - -.

• Имя прилагательное – самостоятельная часть речи (да).

• Имя прилагательное обозначает предмет (нет).

• Имя прил. отвечает на вопросы какой? Какая? Какое? Какие?(да)

• Имя прилагательное дружит с глаголом. (нет)

• В предложении имя прилагательное подчеркивается прямой линией. (нет)

Взаимопроверка: (на доске).

Словарная работа

Вставить пропущенные буквы (на доске)

Айтыс, пальто, огурец, чеснок, ромашка, комар, лягушка, медведь, сметана.

Орфографическая минутка:

Орфограммы веселились,

И ошибки появились.

Вы их быстро все найдите,

Правильно слова спишите. (на доске)

- Найдите в словах ошибки, объясните какую букву надо писать и почему?

Заиц, грусный, улыпка, марозы, загатка, клас, шоссе. Взаимопроверка.

III. Постановка проблемы, темы и цели

Работа в группах. (делю на 2 группы)

-Составьте слова из данных слогов..

1 группа: ЛАНДЫШ ТРАВА ТЁПЛЫЙ ПТИЦЫ РУЧЕЙ ОБЛАКА

2 группа: ВЕТЕР ЦВЕТЫ ЛЁГКИЙ ЗВЕРИ СКВОРЕЦ БЕРЁЗА

-Назовите «лишнее» слово. (тёплый, лёгкий)

-Что общего у оставшихся слов? (это имена существительные) Докажите. (отвечают на вопросы кто? что? и обозначают предмет)

Определите число имен существительных.

Скажите, а сможем ли мы определить число этого слова? ТЁПЛЫЙ, ЛЁГКИЙ

- Почему возникло затруднение? (Другая часть речи).

-Как называется тема нашего сегодняшнего урока? (*Изменение имён прилагательных по числам*).

- Какие цели перед собой поставим?

• узнаем как изменяются имена прилагательные

• будем учиться определять число имен прилагательных

• научимся изменять прилагательные по числам

Открытие новых знаний.

Что нам делать предстоит?

Вот вопрос какой стоит.

Чтоб ответ вам получить

Надо эту задачу решить.

Узнайте для начала

О ком я прочитала?

Отгадайте загадку.

Зверь хищный, рыжий, красный, для кур опасный.

-Кто это?

-Это лиса. (картинка с изображением)

-Правильно, это лиса. А какие слова вам помогли разгадать загадку?

Какой частью речи являются эти слова? На какой вопрос они отвечают?

-- Запишите прилагательные из этого предложения в столбик и выделите окончание.

- что такое окончание? (на доске)

Хищный – хищные

Рыжий – рыжие

Красный – красные

Опасный - опасные

-В форме какого числа стоит существительное «зверь»?

--Давайте изменим форму слова «зверь» на форму множественного числа. Как у нас будет звучать предложение теперь? Что ещё изменилось?

-Давайте запишем получившиеся прилагательные через тире.

- А кто может ответить, почему изменились прилагательные, если мы изменяли только одно существительное?

-И что из этого следует? Кто сделает вывод из нашего наблюдения?

(В этом предложении изменилось число существительного. Прилагательное связано с им. существительным, поэтому изменились и формы прилагательных.

-При изменении числа существительного меняется форма имени прилагательного, т. е. изменилось окончание.)

Вывод: Прилагательные изменяются по числам. При изменении формы числа прилагательного изменяется его окончание.

Сравним вывод с правилом в учебнике на стр. 17 -что новое мы узнали об имени прилагательном!

-Как мы должны определять число имени прилагательного?

Памятка:

1. **Найдём** существительное,
2. **Определим** число у существительного.
3. **Определим** число у прилагательного.

Работа по учебнику упр. 37. Напиши имена прилагательные во множественном числе.

-Скажите, кто такие поэты?

-Вы бы хотели стать поэтом?

Задание. Быть поэтом.

(Дополните строчки стихотворения:)

Ты посмотри, какая красота!

_____ снег мерцает еле-еле.

Поляна _____ светом залита

Вокруг _____ ели.

Прочитайте. Молодцы!

-Какое время года сейчас на улице?

Закройте глаза и тихо скажите «Зима». Представьте себе ее.

Какие у вас ассоциации возникли с этим словом?

Сейчас поработаем с заданием. Выполняем в карточках.

Текст о зиме. В этот текст мы с вами вставим подходящие по смыслу имена прилагательные.

Пришла _____ зима. Прилетели _____ снегири. Ветки деревьев покрылись _____ инеем. Только ели стоят _____.

- Скажите, нужны ли в нашей речи имена прилагательные?

-- Какую роль выполняют имена прилагательные?

Вывод: имена прилагательные делают нашу речь более точной, яркой и выразительной.

IV. Физкультминутка.

Нам за партой не сидится,

Разминаем поясницу.

Корпус крутим влево - вправо-

Так мы отдохнём на славу.

Хорошо мы отдохнули. (Вращение туловищем.)

И к учёбе вновь вернулись. (Дети садятся за парты.)

Задание:

-Запишите словосочетания сущ+ прил. в тетрадь. Укажите число прилагательных.

Игра «Веер»

На доске табличка со словом «красивый».

У учителя в руках в виде веера карточки со словами - деревья, осень, девочка, картины, мячи, листья, яблоко.

-У меня в руках карточки с существительными. Ваша задача - к каждому существительному подобрать прилагательное «красивый» в нужной форме. (устно) (Учащиеся выходят к доске по одному, вытягивают карточку с существительным, образуют словосочетание с помощью вопроса, записывают полученный вариант, определяют число прилагательного, выделяют его окончание.)

Рефлексия.

Урок подходит уж к концу

И требует оценки.

Прошу его вас оценить,

Но прилагательными только.

Его вам надо оценить двумя-тремя словами

И их в тетради записать,

Чтоб я могла потом узнать

И сделать вывод с вами:

Каким он был?..

Отличным, скучным,

Хорошим, может быть, плохим,

Совсем ненужным, бесполезным...

Иль поучительным...? Каким?

Домашнее задание

Стр. 17 прав. Упр 38

Оценки.

- вспомните свое настроение в начале урока.

Изменилось ли оно?

Смайлики. (настроение в конце урока)

Молодцы! Все хорошо работали.

Спасибо за урок.

Олимпиада тапсырмалары бойынша дарынды оқушылардың білімін, дағдысын бағалаудың критерийлері



Мендыбаева Нагима Саукеновна
учитель казахского языка и литературы
КГУ "Школа-гимназия имени Батыр Баяна"

I. «Дарындылық» термині «Дарын» сөзінен шыққан – дамудың ерекше қолайлы, ішкі алғы шарттары дегенді білдіреді.

Құрдастарына қарағанда оқуға деген жоғары

зеректігі, анық байқалатын ерекше шығармашылық қабілеті бар бала «дарынды бала» деп саналады. Педагогикалық энциклопедияда мынадай анықтама берілген: «Дарындылық – іс-әрекеттің белгілі бір саласында ерекше жетістікке жетуге жағдай жасайтын, адам қабілеті дамуының жоғарғы дәрежесі».

Орыстың ұлы ойшылы Максим Горький: «Адамдағы тұқымқуалаушылық қасиет өсіп те кететін, өшіп те қалатын үрдіс. Сондықтан оны үнемі

үздіксіз шыңдап отырмаса, өшіп қалуы да ғажап емес» деген екен.

Жүсіпбек Аймауытов: «Мұғалімнің айналысатыны – үнемі қозғалып, өзгеріп, өсетін, өркендейтін тірі адам болғандықтан, біркелкі әдіспеншектелуге болмайды...» дейді.

Н. Ожеговтың сөздігінде дарындылық “табиғатпен берілетін ерекше қабілет” деп түсіндіріледі.

Дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы ма?

Бұл пікірді белгілі ағылшын психологі П. Торранс зерртеп, шындығында бұл пікірдің ұстаздар қауымы арасында жиі кездесетінін дәлелдеді. Дегенмен, П. Торранстың пайымдауы бойынша *мұғалімге көп қисынсыз сұрақ қоятын, көбіне, түсінбеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге өз көзқарасы бар, яғни дәл осы қасиеттер оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететінін айқындаған. Сондықтан осы қағиданы естен шағармаған жөн.*

II. Орыс мектептеріндегі қазақ тілі пәні бойынша оқушылардың білімі олардың қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде жан-жақты меңгеруін сараптаумен бағаланады. Оқушылар қазақ тіліндегі мәтінді тыңдаған немесе оқыған кезде мазмұнын түсініп, белгілі бір тақырып бойынша өз ойын еркін жеткізе біліп, грамматикалық формаларды дұрыс қолданып, сауатты жаза білуі шарт. Биыл олимпиадада оқушыларға лексикалық-грамматикалық тест, сөйлесім әрекетінің 5 түрі: тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым, тілдесім, бойынша тапсырмалар ұсынылды.

1. ЛГТ 20 сұрақтан тұрады (лексика, грамматика, елтану). Әрбір сұрақ 1 ұпаймен бағаланады (20 ұпай) **20 минут.**

2. Тыңдалым тапсырмалары 2 бөліктен тұрады (барлығы 20 сұрақ). Тыңдауға 2 мәтін ұсынылады. Тыңдамас бұрын оқушылар алдын ала тест сұрақтарымен танысып шығады. Бір мәтінге 10 сұрақ берілген. Мәтін 2 рет тыңдалады. Парақтағы дұрыс жауапты белгілеуге 3 минут уақыт беріледі. Дәл осындай жұмыс екінші мәтін бойынша да жүргізіледі. Барлық тапсырмаларды орындауға 25 минут бөлінеді. Бірінші мәтін диалог түрінде, ал екінші мәтін – монолог түрінде ұсынылады. Әр дұрыс жауапқа 1 ұпай беріледі (20 ұпай). **25 минут.**

3. Оқылым тапсырмалары 3 бөліктен тұрады: 1/мәтінді оқып, мәтін үзінділерінің ретін жазу, мәтіннен кейінгі тапсырмаларды орындау: антоним есесін белгілеңіз, қай сөз жағымпаздықты көрсетеді, «құйрық үзу» фразеологизмінің мағынасы, қай сөйлем дұрыс емес, дереу сөзінің синонимі); 2/ мәтінді оқып, бос орындарды толтыру (сөздермен, әріптерді орнына қою); 3/ мәтінді оқып, тест тапсырмаларын орындау қай сөйлем жағымсыз? Дәмдес болған адамдар бір-біріне не істемейді? синонимдерді табыңыз, дәм таттыру қазақтар үшін не? Мәтінде кездеспейтін сөз тіркесі) (20 ұпай). **45 минут.**

4. Жазылым (эссе жазу) тапсырмасын орындау барысында оқушылардың өз ойын еркін жеткізе білуі, тілдік құралдарды пайдалана білуі, сөздік

қоры, тіл мәдениеті бағаланады (20 ұпай) **50 минут.** Көлемі -1-1, 5 бет.

5. Айтылым мен тілдесім барысында оқушылар кездейсоқ жұптарға бөлінеді, тапсырма парағын алады. 5 минут дайындалады. Кейін олар таңдаған тақырыптары бойынша өз пікірлерін айтады, бір-біне сұрақтар қояды. Монологке 2 минут беріледі (20 ұпай).

6. Сонымен, жалпы олимпиадада оқушы 100 ұпай жинайды.

Олимпиадаға қатысатын оқушыларды алдын ала дайындау керек. Бұл күрделі жүйелі жұмыс. Көп сабақтан тыс уақыт алады. Сонда ғана оның нәтижесі оң болады.

Олимпиадаға оқушыларды даярлау жолдары:

- ЛГТ / ЕНТ
- Тыңдалым, оқылым, жазылым – Ж. Т., Д. К.

III. Айтылым және тілдесім әрекеттерін қалыптастыру жолдары.

Айтылым және тілдесім әрекеттерін меңгерту үшін, ең алдымен, мұғалімнің өзі осы екі әрекеттің мән-дайын жақсы білуі тиіс. Сондықтан Сіздерге айтылым мен тілдесім жайында шағын ақпарат беруге рұқсат етіңіздер.

Тілдік қатысым әрекетінің бір түрі – **айтылым**. Айтылым әрекеті арқылы сөйлеуші бір хабарды, ақпаратты ауызша баяндап, екінші біреуге түсінікті етіп жеткізеді. Оқушының қазақ тілінде ойын ауызша жеткізе білуге үйрету үшін, ең алдымен, өмірде оны екінші адаммен түсінісе біліп, ойын ауызша жеткізіп қана қоймай, оған жауап ала біліп, ұғынысып, тілдік қарым-қатынасқа түсе білуге үйрету керек.

Айтылым әрекетінің жүзеге асуы үшін маңызды шарт бұл – тіл мен сөздік қордың болуы, байланыстырып сөйлеу мәнері. Айтылым әрекеті кезінде жазуда қарастырылмайтын интонация, дикция, сөйлеу мәнері секілді тілдік амалдар ескеріледі. Айтылымда сөйлем құрылысы, өрістетіп айтылу жақтарына қатаң талап қойылмайды. Яғни инверсия – айтылымға тән құбылыс. Айтылым 2 түрлі формада жүзеге асады: монолог және диалог.

Монолог – (гр. monos – дара, logos - сөйлеу) – сөйлеушінің өз ойын ауызша жеткізетін сөйлеу әрекеті. Монологты келесідей түрлерге бөлуге болады:

- Мазмұндау;
- Баяндама жасау;
- Дайындықсыз сөйлеу;
- Сурет бойынша сөйлеу;
- Өз ойын, пікірін жеткізу, баға беру.

Мазмұндау кезінде оқушы оқыған мәтіннің тіл, стиль ерекшеліктерін сақтай отырып, мәтіндегі негізгі ойды, басты ақпаратты ауызша жеткізеді. Мазмұндауда мәтіннің негізгі детальдарын (кейіпкерлері, орны, уақыты, т. б.) білу шарт.

Баяндама – нақты мәселе бойынша жиналыста жасалатын хабарлама. Жан-жақты ақпаратқа және ғылыми талдауларға, тәжірибе қорытындыларына негізделеді.

Баланың байланыстырып сөйлеуін дамытуда сюжеттік суреттердің маңызы зор.

Сложение и вычитание рациональных чисел



Шарикова Оксана Олеговна
учитель математики
Средней школы №33 города Тараз

Цель: повторить, обобщить и систематизировать изученный материал по теме «Сложение и вычитание рациональных чисел»; контроль приобретенных знаний.

Задачи:

- *общеобразовательные:* обобщить и систематизировать знаний учащихся по данной теме;
- *развивающие:* развивать предметные и общеучебные навыки и умения, умение использовать полученные знания для достижения поставленной цели; устанавливать закономерности многообразия связей для достижения уровня системности знаний;
- *воспитательные:* воспитывать навыки самоконтроля и взаимоконтроля; вырабатывать желания и потребности обобщать полученные факты; развивать самостоятельность, интерес к предмету.

Тип урока: урок обобщения и систематизации знаний учащихся по данной теме

Оборудование: компьютер, экран, презентация, цветные карандаши, раздаточный материал (карточки), листы оценивания.

План урока

- I. Организационный момент (3 мин)
 - 1) Вводное слово учителя;
 - 2) Постановка целей урока.
- II. Вопросы повторения: (9 мин)
 - 1) Найдите правильный ответ;
 - 2) Сравни числа(устно);
 - 3) Сложение чисел с разными знаками;
 - 4) Как узнать знак суммы.
- III. Работа в парах(5 мин)
- IV. Лестница (10 мин)
- V. Работа по учебнику (7 мин)
- VI. Самостоятельная работа (5 мин)
- VII. Домашнее задание (2 мин)
- VIII. Итоги урока (2 мин)
- IX. Рефлексия (2 мин)

Ход урока

I. Организационный момент

Перед уроком каждому учащемуся выдается карточка оценок и рефлексии. Ученики под руководством учителя проверяют наличие дневника, рабочей тетради, отмечают отсутствующие, проверяется готовность класса к уроку, учитель психологически настраивает детей на работу на уроке. Постановка целей урока.

Сегодня мы с вами повторим и обобщим знания о рациональных числах. Вспомним основные правила сложения отрицательных и положительных чисел. Вспомним правила знаков.

У каждого из вас есть оценочный лист, в котором вы ставите баллы напротив каждого задания и в конце урока по подсчетам баллов поставим оценку.

Учащиеся подсчитывают количество баллов и ставят себе оценку.

Фамилия Имя _____		
берген болатынмын. Біз өз тарихымызды білуіміз міндетті, біздің бабаларымыздың көшпелі салт-дәстүрімен өмір сүргендіктен қазақ даласының, қазақ хандығының заңның тарихын, қайдан шыққанын біліп келулеріңізді айтқанмын.

1 «Заңгерлер» тобы *Ата заңымыздың тарихын Қасым ханның қасқа жолы мен Есім ханның Ескі жолы туралы мәлімет жинақтырып келулеріңізді айтқанмын.*







2 «Әділет» тобы *Тәуке ханның 7 жарғысын топтастырып келулеріңізді айтқанмын.*

3 «Ақиқат» тобы *Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Ата Заңымыздың артықшылықтары мен ерекшеліктерін саралап, түсініктеме беруге тапсырма берілген.*

Ал олай болса 1 топ бастасын. Келесі 2 топ, ал келесі 3 топ бастасын.

Берілген тапсырмаларды жақсы орындап келгенсіңдер. Жарайсыңдар!

Сонымен, келесі III кезеңімізді бастайық. 3 кезең «Ғажайып тоғыздық» деп аталады. Бұл кезеңде 2 кезеңде аз ұпай жинаған топ ұяшықты ашады.

10 ұпай

1. Құқық деген не? (Мемлекет шығарған немесе бекіткен тәртіп ережелерінің жиынтығы)
2. Конституцияның 9 бабында не делінген? – **(Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері)**
3. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп қай бапта айтылған? – **(Конституцияның 1 бабында)**

20 ұпай

1. Неше жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматы президенттікке кандидат бола алады? **(40 жаста)**
2. Әкімшілік құқық дегеніміз не? – **(Бұл қоғамдық қатынастардың ерекше тобын реттеуге арналған ҚР құқықтық жүйесінің саласы)**
3. ҚР – ның Президентін сайлау қашан өтеді? **(Желтоқсанның бірінші жексенбісінде (44 бап))**

30 ұпай

1. Декларация деген не? (Үкіметтің, саяси партияның, халықаралық ұйымның аса маңызды мәселесі)

2. Қылмыстық құқықтың принциптері? (Заңдылық, әділеттілік, жауаптылық, теңдік, гуманизм, демократизм, интернационализм)
 3. ???

_____ тобы белсене ат салысқандарыңыз үшін рахмет!

Ал **4 кезеңіміз «Ертегілер елінде»** – деп аталады. Бұл кезеңде студенттер халық ертегілеріндегі үзінділерді тыңдай отырып, қай жерде бала құқығы бұзылды немесе сақталды деген сұраққа жауап берулеріңіз керек. Жауабы дұрыс табылса 10 ұпаймен марапатталады.

1-ертегі. «Қырық өтірік» ертегісі.

«Тазша бала» ертегісін барлығымызда білеміз. Хан жарлығы бойынша жетім өскен тазша бала тапқырлығымен қырық «өтірік әңгіме», «өтірік өлең» құрастырып, халқын және ханды риза қылды. Бала құқығы бұзылды ма? Бұл жерде қандай құқық жөнінде айтылған?

(Бала құқығы бұзылған жоқ, өйткені бала өз пікірін емін-еркін білдіруге құқығы бар) «ҚР Бала құқығы заңы», 11-бап, 1- тармақ)

2-ертегі. «Ұр, тоқпақ» ертегісі.

«Ұр, тоқпақ» ертегісінде кедей шал Қазбайға жасаған жақсылығы үшін алған «Піс, қазанын», «Құс есегін» алып қалған балаларды «Ұр, тоқпақтың» көмегімен өздерінің теріс қылықтарын түсіндіріп, «Піс, қазанын», «Құс, есегін» қайтарып алады. Бұл жерде қандай құқық жөнінде айтуға болады? Құқық бұзылды ма? (Иә). (Егер бала тәртіп бұзса да, оларды қанау түрлеріне жол берілмейді).

3- ертегі. «Алтын сақа» ертегісі.

Сақасын алуға келген баланы Жалмауыз кемпір ұстап алып, өлтірмекші болып, баланың өміріне қауіп төндіреді. Оқушылар бұл туралы конвенцияда не айтылған? Бала құқығы бұзылды ма?

(Иә, бұзылды. Әрбір баланың өмір сүруге, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауы тиіс) «ҚР Бала құқығы заңы», 10 бап, 1-тармақ.

4-ертегі. «Керқұла атты Кендебай» ертегісі.

«Керқұла атты Кендебай» ертегісінде Кендебай ата-анасынан айырылып қалған баланың әкесі Мергенбай батырды, қолға түскен басқа да адамдарды зынданнан шығарды. Бұл жерде ата-анасынан айырылып қалған бала құқығы бұзылды ма? (Иә, бұзылды. Баланы ата-анасынан күштеп айыруға болмайды). «ҚР Бала құқығы заңы», 25 бап, 2-тармақ)

Жарайсындар! Барлықтарыңда тапсырма бойынша берілген заң тармақтарын жақсы меңгергендерің көрініп тұр. Ал олай болса **V кезеңімізді** бастайық. «Сандар сөйлейді» кезеңі. Студенттерге тақтада берілген сандарды таңдау ұсынылады. Әр санда жылдар берілген. Сол берілген жылдардың анықтамасын және мәліметін атауларыңыз керек.

1787 жыл

- Дүниежүзіндегі тұңғыш Конституция қабылданды.

1789 жылы 26 тамыз

- Адам және азаматтардың құқықтары декларациясы қабылданды.

1948 жылы 10 желтоқсан

- БҰҰ -да Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы қабылданды.

1959 жылы 20 қараша

- БҰҰ -ның Бас Ассамблеясында Балалар құқығы декларациясы қабылданды.

1989 жыл

- Бала құқығы туралы конвенциясы қабылданды.

1993 жылы 28 қаңтар

- Егеменді еліміздің алғашқы Конституция қабылданды.

1995 жылы 30 тамыз

- Референдум арқылы бекіткен екінші Конституциямыз қабылданды.

2002 жылы 8 тамыз

- Қазақстан Республикасындағы балалардың құқықтары туралы заңы қабылданды.

2004 жылы 7 шілде

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты Заңы қабылданды.

Рахмет, ендігі кезекте **VI кезең «Өнерімді бағала»** деп аталады.

Бұл кезеңде берілген сөздерді іс-қимыл арқылы түсіндіру керек. Әр сөзді табуға 1 минут уақыт беріледі.

Өлім, Конституция, қылмыскер, сот, мүлік, неке, еңбек, нәресте, Гимн сөздері.

VII кезең Кім жылдам? (капитандар жарысы)

1- топ «Заңгерлер»

Сұрақтар:

1. Егемендік алғаннан кейін ҚР – да Конституция қанша рет қабылданды? (1993, 1995ж)

2. Қатынастың мазмұны мен субъектілердің құқығы мен міндеттерін көрсететін қылмыстық құқық нормасының элементінің бірі? (диспозиция)

3. ҚР – сы әкімшілік құрылымы жағынан қандай мемлекет? (унитарлы)

4. «Жеті жарғыны» қабылдаған қазақ ханы? (Тәуке хан)

5. ҚР –сы өзін қандай мемлекет ретінде орнықтырады? (демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік)

6. Қылмыс құрамын атаңыз? (объект, объективтік жак, субъективті, субъективті жағы)

7. Республикадағы жоғарғы заң шығарушы орган? (Парламент)

8. ҚР – ның тәуелсіздігі туралы заң қашан қабылданды? (1991ж, 16 желтоқсан)

9. ҚР – ның «Мемлекеттік нышандары туралы» заң қашан қабылданды? (1992ж, 4 маусым)

10. Азаматрдың құқық құбілеттілігі қай кезден басталады? (бала туылған кезден бастап)

Рахмет, сізге қойылған 10 сұрақтың _____ дұрыс жауап бердіңіз.

Келесі 2-ші көшбасшымыз дайынсыз ба? Онда бастаймыз.

2- топ «Ақиқат»

Сұрақтар:

1. Конституция сөзінің аудармасы қалай? (лат. «constitutio»- құрылғы, өкім)

2. Республика заңдары қай кезде күшіне енеді? (Президент қол қойғаннан кейін)

3. Үкімет қызметтерін ұйымдастырушы кім? (Премьер – Министр (67 бап))

4. «Жеті жарғыда» бір құнның мөлшері ұанша? **(мың қой)**
 5. ҚР – ғы мемлекеттік биліктің бірден – бір бастауы **(халық)**
 6. Бала неше жастан бастап, қылмыстық жауапкершілікке тартылады? **(16 жастан)**
 7. Алғаш рет қабылданған Ата Заң қабылдаған уақыт? **(1993 ж, 28 қаңтар)**
 8. ҚР –да билікті именденіп кетуге кімнің құқығы бар? **(ешкімнің құқығы жоқ)**
 9. Мемлекеттің биліктің жүйесі? **(Президент, Парламент, үкімет, Сот және БАҚ)**
 10. Конституцияның құрылымын ата? **(9 бөлім, 98 бап)**
- Рахмет, сізге қойылған 10 сұрақтың _____ дұрыс жауап бердіңіз.
- Келесі 3-ші көшбасшымыз дайынсыз ба? Онда бастаймыз.
- 3 - топ «Әділет»**
- Сұрақтар:**
1. «Құқық» дегеніміз не? **(жалпыға бірдей міндетті нормалар жүйесі)**
 2. Дүние жүзіндегі тұңғыш Конституция қай елде пайда болды? **(АҚШ-та 1787 жылы)**
 3. ҚР қазіргі Конституциясы қай елдің Конституциясына ұқсас? **(Францияның)**
 4. ҚР-да ресми түрде қолданылатын тіл **(орыс тілі)**
 5. ҚР-да «Баланың құқықтары туралы» Заң қай жылы күшіне енді? **(2002 ж, 8 тамыз)**
 6. ҚР-ның теңгесі қашан қолданысқа енгізілді? **(1993 ж 12 қараша)**
 7. Қ. Р азаматтары еңбек етуге міндетті ме? **(міндетті емес)**

8. «Қасым ханның қасқа жолы» қанша тараудан тұрады? **(5 тараудан)**
 9. Балалар құқықтарының Конвенциясы қашан қабылданды. **(1989 ж)**
 10. Қ.Р-ғы «Баланың құқығы» туралы заң қанша баптан, қанша тараудан тұрады. **(10 тарау, 53 бап)**
- Рахмет, сізге қойылған 10 сұрақтың _____ дұрыс жауап бердіңіз.
- Сайысымыздың нәтижесін шығаруға әділ-қазылар алқасына уақыт береміз.
- Ал бос уақытты құр жібермеу үшін Алматы темір жол көлігінің А-2 тобының түлегі Әуелбаев Ермұханның _____ орындауында _____ әнін қабыл алыңыздар.
- Сайысымыздың нәтижесін шығаруға әділ-қазылар алқасына сөз береміз.
- Сонымен, сайысымыздың нәтижесі белгілі болды. «Заңды білу — заман талабы» атты сайыс сабағымыздың жеңімпазы _____, тобы болып анықталды.
- Қорытындылау:** Бүгінгі сабағымызды қорыта келгенде мен сіздердің өткен тақырыптарды жақсы меңгергендеріңізді байқадым, сол себепті бүгін сіздердің сабаққа белсенді қаттысып отырғандарыңызға алғыс айтамын. Осы қалыптарыңыздан қайтпай еліміздің беделді азаматтары болыңыздар, колледжіміздің мақтаныштары болыңыздар.
- Жүргізуші:** Ендеше, бүгінгі «Заңды білу — заман талабы» атты сайыс сабағымыз тәмамданды. Білімгерлер бәсекесі – ХХІ ғасырда өз үлестеріңді табуларыңды тілейміз!

Жылдың үздік оқытушысы

Танирбергенова Гулайым Батырхановна
Алматы темір жол көлігі колледжінің
құқық және экономика пәндерінің оқытушысы

Жүргізуші:

Армысыздар қадірменді қонақтар, ұстаздар және сайыскерлер! «Жылдың үздік оқытушысы» байқауына қош келдіңіздер!

Добрый день, уважаемые гости и участники конкурса! Мы рады вас приветствовать на городском конкурсе «Лучший педагог года»!

Бүгін біздің колледжде дүбірлі той, Ден қойып тындаңыздар, көңілді қой, Жырдан шашу шашылсын, күй күмбірлеп, Қош келдіңіз, халайық, сергісін бой, - дей келе келесі кезекті мың бұралған бишілерімізге береміз.

Музыкалық нөмер

Жүргізуші:

Бүгінгі байқауымыздың негізгі мақсаты педагогтардың ғылыми-зерттеу, тәрбиелік, оқу-әдістемелік жұмыстарындағы үлгілі нәтижелерін айқындап, талантты педагогтық қызметкерлерді қолдау болып табылады, және де қалалық байқауда «Жылдың үздік оқытушысы» атағына ие болу үшін ұсыну.

Білім – адам баласының ортақ қазынасы.

Бүгін қалалық байқаудың сайыскерлері болып әр оқу орындарының «Жылдың үздік оқытушысы» жеңімпаздары, арнайы пәндер оқытушылары қатысады. Қатысушылар өзін-өзі таныстырады, ақпаратты –коммуникативтік технологиялар мен көптілділікті қолдану, әртістік қабілеті мен өзін-өзі ұстау мәдениетін, шешендік сөйлеу мәнерін таныстырады.

Бұл оқытушылар өз мамандарының шебері!

Сегодня участниками городского конкурса «Лучший преподаватель года» являются победители профессиональных конкурсов, проведенных в учебных заведениях.

Они, настоящие профессионалы своего дела!

Байқаудың ашылуы! (Открытие конкурса)

Жүргізуші:

Еліміздің ұстаздары аман болсын, Бастықтар жел өтпейтін пана болсын. Сіздерге тек тілейміз аманшылық, Болсын тек әрқашанда бейбітшілік – дей келе байқаудың қатысушыларына деген құттықтау сөз кезегін ұйым басшысына береміз!

Жүргізуші:

Әділдікпен баға берер ұстазға,
 Әділдікпен қара қылды жаруға,
 Әділ-қазы алқаларын сайлайық.
 Үздіктерді таңдап бүгін алуға - деп әділ-қазы мүшелерімен таныстыруға рұқсат етіңіздер!
 Разрешите представить состав жюри конкурса!

1. Төраға
2. Төраға орынбасары
3. Мүшелері
4. Хатшы (әділ-қазылар алқасы тақ сан болуы керек)

Жүргізуші:

Құрметті әділ-қазы алқалары мен сайыскерлер!

Бүгінгі байқау келесідей кезеңдерден тұрады:

1. Визитті карточка, менің педагогикалық ұстанымым (5 минут);
2. Сабақ фрагменті немесе шебер- класс (7 минут);
3. «Менің қызығушылықтарымының әлемі» атты шығармашылық сайыс (5 минут);
4. Портфолио (алдын-ала бағаланды)

Уважаемое жюри и участники конкурса!

Конкурс пройдет по следующим этапам:

1. Визитная карточка, мое педагогическое кредо (5 минуты);
2. Фрагмент урока или мастер-класс (7 минут);
3. Творческий конкурс «Мир моих увлечений» (5 минуты);
4. Портфолио (предварительно оценено)

Жүргізуші:

Берілген тапсырмаларды орындамас бұрын жереби өткізейік. Құрметті сайыскерлер сахнаға шығуларыңызды сұраймыз!

Уважаемые участники, прошу вас подняться на сцену для проведения жеребьевки! *(под музыку)*. Құрметті сайыскерлер нөмері жазылған бейджигті алып тағып алуларыңызды өтінемін.

Құрметті сайыскерлер, орындарыңызға жайғасуыңызды сұраймыз және бірінші тапсырманы орындау үшін 1 нөмердегі сайыскер сахнада қалуыңызды өтінемін.

На сцене остается участник под номерам №1 для выполнения первого задания.

Сахнаға 2 нөмерлі сайыскерімізді шақырамыз. (3 тен 13 дейін)

На сцену приглашается участник под номерам 2 (от 3 до 13) и т.д.

Жүргізуші:

Осындай тапқыр достар кез-келген де,
 Жетсін-ау, жарыстарда жеңгенге не?
 Қарсылас болғанменен, әріптессіңдер.

Тілейміз ізгі тілек сендерге де! - деп құрметті қауым!
 Сынға түскелі отырған ұстаздарға тағы да қошемет көрсетіп қоялық!

Уважаемые коллеги, просим вас поаплодировать и поддержать наших участников!

Құрметті сайыскерлер осымен 1 кезеңді тәмәмдадық, ал енді 2 кезеңге көшеміз.

Сахнаға 1 нөмерлі сайыскерімізді шақырамыз. (2 тен 13 дейін)

Для выполнения 2 этапа конкурса (Фрагмент урока или мастер-класс) на сцену приглашается участник под номерам 1 (от 2 до 13) и т.д.

Сынға түскелі отырған ұстаздарға тағы да қошемет көрсетіп қоялық!

Уважаемые коллеги, просим вас поаплодировать и поддержать наших участников!

Жүргізуші:

Талас тусын жарқын ойлар жарқылдап,
 Шағылыссын найзағайдай шартылдап.

Бойда қайрат, алда арман шақырған,
 Қолдан әсем жалын атқан жастық шақ – дегендей БҮГІНГІ сайысымыздың

3- ші кезеңін бастайық.

«Менің қызығушылықтарымының әлемі» атты шығармашылық сайыс

Для выполнения 3 этапа конкурса (Творческий конкурс «Мир моих увлечений») на сцену приглашается участник под номерам 1 (от 2 до 13) и т.д.

Сынға түскелі отырған ұстаздарға тағы да қошемет көрсетіп қоялық!

Жүргізуші: Құрметті әділ-қазылар алқасы, осымен барлық 3 кезеңнің тапсырмалары орындалды. Енді сіздерге сайысымыздың қорытындысын шешуді өтінеміз. Олай болса нәтижесін шығару үшін келесі аудиторияға өтулеріңізді сұраймыз. (Для подведения итогов конкурса просим жюри пройти в соседнюю аудиторию). *(Сахнаға шығу)*

Жүргізуші: Құрметті қонақтар мен әріптестер!
 Әділ-қазылар алқасы шешім шығарғанша сіздердің назарларыңызға концерттік бағдарламаны ұсынамыз. (30 мин) **Концерт**

Жүргізуші: Сайысымыздың нәтижесі бойынша әділ-қазылар алқасына сөз беріледі.

(Ортаға әділ-қазы мүшелерін шақырылады).

Для ознакомления с итогами конкурса и награждения победителей на сцену приглашается жюри.

Награждение

Әділ шешімдеріңіз үшін әділ-қазылар алқасына алғыс білдіреміз.

Выражаем огромную благодарность жюри конкурса за работу.

Рахмет сіздерге! Орындарыңызға жайғасуларыңызды өтінемін.

Заккрытие конкурса

Жүргізуші: Так грустно всегда расставаться

Наш конкурс сближает сердца.

Не стоит навеки прощаться

Оставьте свои адреса!

Наш конкурс останется с вами

Огонь этот нужно сберечь

И мы расстаемся друзьями

До будущих творческих встреч!

Еңсесі биік егеменді еліміздің адалдықты ту еткен алғыр ойлы, адал азамат ұл - қыздарына саналы тәрбие, сапалы білім беруде шаршамай, талмай еңбек етіп, еңбектеріңіздің жемісін көре беріңіздер, жаңа жетістіктерге, жоғары белестерге жетулеріңізге тілектеспіз!

Барлық сайыскерлерімізге, қатысушыларымызға, қонақтарға

Көп рахмет!

Өз пікірлеріңізбен ұсыныстарыңыз болса сахнаға шақырамыз!

Топтық жұмыстың тиімділігі

Мезибаева Айнур Асылгазыевна
Алматы автомеханикалық колледжінің
математика пәнінің оқытушысы

Жалпы мақсат: Топтық жұмысты ұйымдастыру арқылы ынтымақтаса жұмыс істеу ережесін құру. Мәселелерді бірлесіп шешуге, идеялармен алмасуға және қорғауға үйрету. Шағын топтағы жұмыс моделін құру.

Сілтеме: 1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық 83-85 Оқу нәтижесі Тапсырмаларды орындау барысында шағын топтарда бірлескен жұмысты ұйымдастыру әдістемесін игеруі. Тиімді топтық қарым-қатынасқа түсуі.

Түйінді идеялар: Топтық жұмыс арқылы табысты оқытуға қол жеткізу.

Сабақтақолданылатынматериалдар:

А- 4 парақтары,стикер, интерактивті тақта,флипчарт, маркер, қалам

Дерек көздері: Әдеби материалдар, газет-журналдар,ғаламтор

Тапсырмалар: Сұрақ- жауап, салыстыру, ассоциация

Оқуға арналған тапсырма: Топтарда жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулық Мұғалімге арналған нұсқаулық. Сабақ бойынша мұғалімдердің іс-әрекеті:

І.Мұғалімдерге психологиялық ахуал туғызу (5 мин)

• «Суретпен байланысты тілек» тренингін ұйымдастыру.

1. Шеңбер жасату, амандасу.

2. Әр түрлі суреттерді ұсыну.

3. Суретпен байланысты айтқан тілектерін тыңдау. Сессияға қатысушы мұғалімдер шеңбер жасап тұрады да бір-бірімен қол алысып амандасады. Үстел үстіндегі стикерлерге салынған әр түрлі суретті таңдайды, ол суретті не үшін таңдағанын айтып береді. Сол суреттерге байланысты бір-біріне тілек айтады.

II. Топқа бөлу (2 мин)

Шағын топқа бөлу. Балалар журналының мұқабасын құрастыру арқылы топқа бөлу.

III. Топ ережесі 3 мин

Топта жұмыс істеу үшін белгілі бір ережеге сәйкес жұмыс істе. Бірлесе отырып, топ ережесін құрады және ережемен таныстырады.

Шағын топтарға топ ережесін құру және флипчартқа жазып, таныстырып шығуды тапсыру.

Қорытындысында өзім 5 Т ережесімен таныстырамын:

IV.Тапсырма: Қазақстанда шығарылатын журнал , газеттерді жаздыру

Мұғалімдерге флипчарт қағаздары таратылады. Қазақстаннан шығатын газет-журнал атын әрбір топ мүшесі жеке, кейін топта талқылап, бірлесе жазып шығады. Бірлесе орындаған жұмыстарымен таныстырады. Бір топ айтқанды келесі топ айтпауы тиіс.

V.Тапсырма: Газет шығару

• Егер колледжден газет шығатын болса, ол қандай болуы керек? Газет атын қалай қояр едіңіздер? Әр



топқа өз ойын флипчартқа жазу немесе постер арқылы бейнелеу тапсырылады.

• Жұмыстарын өзара бағалау. Әр топ «Мектеп газеті» туралы өз ойларын флипчартқа дайындайды және қорғайды. Бір-бірін тыңдап, қорғау жұмыстарына байланысты сұрақтар қояды.

• Жұмыстарын «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы өзара бағалайды, яғни стикерлер таратылып ұнаған газетіне дауыс береді. Жеңімпаз топты бағалап шапалақтайды..

VI.Сергіту сәтін өткізу. « »

Қорытындылау

І Баяндама:

«Ұстаздың биігі ойлана қарасаң биіктей береді, үніле қарасаң, тереңдей береді, қол созсаң қарсы алдында, айналсаң артыңда тұрғандай» – деп Сократ айтқандай Егеменді еліміздің алдыңғы қатарлы отыз мемлекеттің қатарына қосылуға табандылықпен жылжу саясаты қоғамымыздың барлық саласында түбегейлі өзгерістер енгізіп, жаңа талаптар қойылып отыр. Соның ішінде болашақ ұрпаққа әлемдік деңгейде білім беру мақсатына орай білім мазмұнына жаңаша қарау – басты міндеттердің бірі.

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», -деп Абай атамыз айтқандай, озық ойлы білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді. Осындай қоғамдық әлеуметтік мәдени өзгерістер, дамулар мектептің оқыту процесіне әсер ететіні сөзсіз. Кез келген оқыту белгілі мөлшерде адамды дамытады. Оқитын пән қаншалықты жаңа, бағалы болса да, мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болсын, мұғалім мен оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. **Әр сабақтағы дұрыс ұйымдастырылған топтық және жұптық жұмыста оқушылар:**

1. Өздігінен тапсырманы орындайды, топ мүшелерімен немесе жұбымен өз пікірін бөліседі, алмасады;

2. Жоспарланған тапсырмалар туралы айта алады;

3. Өз мүмкіндігін біледі;

4. Өзінің оқуы үшін үлкен жауапкершілік алуға қабілетті болады;
5. Назарын бақылай алады және алаңдамайды;
6. Өз тәртібі мен өзгенің тәртібі туралы және оның салдары туралы айта алады;
7. Нені қалай жасағаны туралы немесе нені үйренгені туралы айта алады;
8. Өз сезімі мен өзгелердің сезімі туралы біледі, көмектеседі және тыныштандырады;
9. Жаңа тапсырманы сеніммен қолға алады;
10. Өзін оқушы ретінде жағымды жағынан көргісі келеді;

Топтық және жұптық жұмыстың нәтижелері:

- 1.Топтық, жұптық жұмысты пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі.
- 2.Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады.
- 3.Олардың әрқайсысының деңгейін анықтай аласың.
- 4.Оқушылардың көбін бағалауға мүмкіндік аласың.
- 5.Оқушыларды ізденіске баулып, жұппен, топпен жұмыс істеуге үйретеді.
- 6.Оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады.
- 7.Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауда, өзіне деген сенімін қалыптастырады.
2. «Бірлескен топтық жұмысты ұйымдастырудың тиімділігі неде?» Топ мүшелері 5 саусақ үлгісіндегі қиындыға пікірлерін жазады. Берілген тақырып бойынша флипчартқа жазып, идеяларын қорғайды.

VI. Ақпарат.

Видеоролик «Қаздар сабағы».

Топтық жұмысты ұйымдастыру туралы нұсқаулықтағы мәліметпен танысады.

VII. Рефлексия

«Тазалық» ойыны түрінде алу. Қатысушыларға бір парақ беріледі. Онда мыналар салынған: Чемодан(суреті), қоқыс жәшігі (суреті), еттартқыш (суреті) - Құрметті әріптестер, бүгінгі тақырып бойынша алған керекті ақпараттарыңызды чемоданға салыңыздар (жазыңыздар), бүгінгі сабақтағы керек емес болған, артық Сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстарын смайлик арқылы бейнелейді не жазады дүниені қоқыс жәшігіне салыңыздар (жазыңыздар). Ал бүгінгі ақпараттың ішінде әлі оқуым керек, толықтыруым керек дегендері болса, еттартқышқа салыңыздар (жазыңыздар) Осылайша қатысушы мұғалімдердің коучингтен не білім алғандарын көру

VIII.Қорытынды

Сөзімнің соңын мынандай бір әңгімемен аяқтағым келіп тұр.

«Данышпан мен адам» Ертеде бір данышпан өмір сүріпті. Ол бәрін біледі екен. Ал бір адам оны көре алмапты. Елдің көзінше оның да бірдеңені білмейтінін дәлелдегісі келіпті. Бірде көп адамдар отырған жерде әлгі адам алақанына бір көбелекті қысып ұстап тұрып, данышпаннан «- Айтшы данышпаным, менің қолымдағы қандай көбелек, тірі ме? өлі ме?» - деп сұрайды. Ол өзі ішінен «Егер тірі десе - мыжып жіберемін, ал егер өлі десе - онда қоя беремін.» деп ойлап тұрады. Данышпан болса, сәл ойланып тұрып «бәрі сенің қолыңда» депті. Аңызда айтылғандай баланың (оқушының) өзін табысты, алғыр сезінуінің бәрі біздің қолымызда екен.

Электрондық кестені есептеулерге қолдану

Акмурзина Ляззат Досатовна
ЖШС "Каспий өңірі "Болашақ" колледжі"
информатика пәні оқытушысы

Сабақтың мақсаты:

а)білімділік - сандық ақпаратты электрондық кесте көмегімен компьютерде өңдеу принциптерін, формуланы жазу тәсілдерін білу, практикалық тапсырмаларды шешу.

ә)дамытушылық - бағдарламалық қамтамасыз етумен жұмыс істей алу дағдысын, объектінің компьютерлік моделін құру біліктілігін дамыту. Ойлау қызметінің салыстыру, талдау тәсілдерін жетілдіру.

б)тәрбиелік - құрал-жабдықтарды ұқыпты ұстауға, сабақта назар қойып отыруға, жауапкершілікке, өз бетімен жұмыс істеуге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: аралас сабақ

Көрнекілік құралдар: интерактивті тақта, слайд, оқулықтар, фишкалар.

Сабақтың әдісі: топшен жұмыс

Сабақтың жоспары:

- I. Ұйымдастыру бөлімі (оқушылармен амандасып, түгендеу, сынып тазалығын тексеру)
- Топты қораптан доллар мен теңге таңдау арқылы топшаларға бөліп, топқа ат беру. Топ мүшелеріне

әрбір жауап, жұлдызша-«5», төртбұрыш-«4», үшбұрыш-«3» деп бағаланатынын ескертіп өту.

II. Үй тапсырмасын тексеру «Құпия сөздің сырын ашайық»

III. Жаңа тақырып. Электрондық кестеде есептеп көрсету

IV. Практикалық есептер шығару.

V. «Санаға сапар» ой түйіндеу

VI. Үйге тапсырма. Бағалау.

II. Үй тапсырмасын тексеру «Құпия сөздің сырын ашайық»

Адасқан әріптерден сөз құрап, олардың қазақша атын айтып орысшаға, ағылшынға аудару және мағынасын айту керек. (Әрбір жауап берген студентке фишка беріліп отырады)

К Ұ Я Ш Д И

І Т А Ы Қ А

Ө Р П Г М Т

Б Р Е К А Н

Е Т Т Е М А

К Е С А

Кітап-кітап-Book; Excel іске қосылғаннан кейін, экранда кестенің жұмыс істеу беттері жұмыс кітабына біріктірілген.

Бет- страница- list; Жұмыс кітабы жұмыс бетінен тұрады

Ұяшық- ячейка- cell; Excel бағдарламасында бағандар мен қатарлардың қиылысын ұяшық деп атайды.

Диаграмма-диаграмма-diagram ; мәліметтерді графикалық түрде көрсету

Кесте-таблица- table; Кесте бірнеше ұяшықтан тұрады;

Формула-формула- formula; Excel де формулалар жазу арқылы есептеуге болады;

III. Жаңа тақырып. Электрондық кестеде есептеп көрсету

IV. Практикалық есептер шығару. Студенттерге жаңа материалды түсінгендігін тексеру үшін тапсырма беріледі. (Барлық топ мүшелері жеке-жеке компьютерде тапсырмалар орындайды, бірінші орындаған екі топ студенттері ішінен бір-бір студент шығып интерактивті тақтада орындап көрсетеді).

Тапсырма

Мақсаты: Microsoft Excel бағдарламасы көмегімен Аудан бойынша салықтардың 6 айлық түсімін есептеу

1. Microsoft Excel бағдарламасын ашыңыз
2. Ашылған терезеге келесі мәліметтерді енгізіңіз
3. Барлығы деген жерге әр айды бөлек бөлек Автосумма көмегімен есептеңіз
4. Түскен соманы есептеу үшін аудандарды бөлек-бөлек қосып шығыңыз
5. Орташа түсім, түскен соманы ай санына бөліңіз

<i>Аудандар бойынша салықтардың түсімі</i>						
1	258	458	587	256	587	587
2	214	658	2145	1258	654	564
3	584	569	654	256	458	954
4	325	1456	458	1456	658	728
5	569	585	658	585	360	624
6	256	478	874	548	577	559
Барлығы						

Тапсырма №2. Төменде көрсетілген кестені енгізіп, тоқсан бойынша үлгерім ведомостісінің жылдық қорытындысын есептеу

2015/2016 оқу жылы	"5"	"4"	"3"	"2"
I тоқсан	96	220	316	50
II тоқсан	52	160	465	17
III тоқсан	34	316	311	15
IV тоқсан	80	313	187	40
Жылдық қорытынды:				

V. «Санаға сапар» ой түйіндеу Екі топқа жеке тапсырма беріледі. Берілген мәтінде көпнүктенің орнына сөз тауып қою.

1-ші топ

- 1) Excel бағдарламасы ... үшін пайдаланылады (электрондық кестелерді әзірлеу)
- 2) Баған мен жолдың қиылысқан жерін ... деп атаймыз (ұяшық)
- 3) Жұмыс кітабы на формуланы ... белгісі арқылы енгіземіз. (=)
- 4) Жұмыс кітабы ... бағаннан тұрады (256)
- 5) Excel бағдарламасында формуладағы ұяшықтардың адресін ... көрсетеді. (ұяшықтың атауы)

2-ші топ

- 1) Жұмыс кітабы ... жолдан тұрады. (65536)
- 2) Негізгі үш батырма ... жолына орналасқан (тақырып жолы)
- 3) Тігінен орналасқан жолақты ... деп атаймыз (баған)
- 4) Көлденең орналасқан жолақты .. деп атаймыз (қатар)
- 5) Бағандар ... бас әріптерімен белгіленеді. (латынның)

VI. Бекіту. Асдасқан сөздер. Екі топқа екі түрлі сөздер таратылады. Сол сөздерден сөйлем құрастыру.

Үйге тапсырма. Бағалау.

- Әр студенттің жинаған фишкасы бойынша бағалау және топтың жинаған фишкасын санап, жеңімпаз топты анықтап, мадақтау

Мен таңдаған мамандық – автомеханик

Алдабергенова Гулнар Махатовна
Алматы автомеханикалық колледжінің
өндірістік оқыту шебері

Мақсаты: «білім алушыларға автомобиль тарихының пайда болуы туралы мағлұмат бере отырып, қоғам өмірінде автокөліктің қажет екенін ұғындыру»

Тәрбие сағатының өтілу барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

Өндірістік оқыту шеберінің сөзі:

Қайырлы күн құрметті ұстаздар және білім алушылар!!! Бүгінгі «Мен таңдаған мамандық – автомеханик» атты тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер

Көрнекті құралдар: Бейнеролик

Тәрбие сағатының мақсаты:

Білім алушыларға автомобиль тарихының пайда болуы туралы мағлұмат бере отырып, қоғам өмірінде автокөліктің қажет екенін ұғындыру, өз мамандығының мақтанышы болуына тәрбиелеу. Бүгінгі тәрбие сағатымызды дайындау барысында топ мүшелері көп ізденді, сондықтан бүгін сіздер автомобиль тарихынан көптеген қызықты мағлұматтар аласыздар деген үміттемін!! Ал енді сөз кезегін жүргізушілерге берейін.

Видеоролик мультимедиа- «Тачки»

Жүргізуші 1:

Армысыздар, құрметті ұстаздармен білім алушылар! №6- топтың ұйымдастыруымен өтетін «Мен

таңдаған мамандық – автомеханик»- атты тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер!!!

Жүргізуші 2:

Мамандықтың кез - келгенін игеруге ең басты адамның қызығушылығы, икемділігі қажет, кей адамдардың ойынша бұл жай күн көру секілді, бірақ ол теріс пікір, себебі маман иесі болу үлкен жауапкершілікті, өнерді, шеберлікті қажет ететін нәрсе. Жақсы маман иесі болу үшін ең алдымен таңдаған мамандығыңды сүюің керек, сол мамандықты барлық қырынан танып, сырын жете меңгерулерің керек. Өзінің икемділігі мен қабілетіне қарай маман болған адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ.

Жүргізуші 1:

Біз таңдаған мамандықтың қазіргі нарықтық экономика саласында алатын орны ерекше. Алдымен сіздерді, автокөліктің шығу тарихы туралы маңызды деректермен таныстырайық:

Автокөлік (гректің «auto» сөзінен аударғанда - «өздігінен», латынның «mobilis» сөзінен аударғанда «қозғалатын» деген мағынаны білдіреді) - өздігінен рельссіз қозғалысқа келетін транспорт, оның өз алдына қозғалысқа келтіретін қозғалтқышы бар, негізінен жер бетімен қозғалысқа келіп, адамдар мен жүктерді тасымалдау үшін арналған.

1769 - 1770 жж. француз өнертапқышы Жак Кюньо үш дөңгелекті арбаның жабдығын құрастырды. «Кюньо арбасы» тек автокөліктің пайда болуына ғана емес, паровоздың пайда болуына да түрткі болды, себебі қозғалысқа үлкен будың күшімен ғана келді.

Жүргізуші 2:

XIX ғасырдың аяғында өздігінен жүретін автокөлік пайда болды. Бұл кезеңде автокөлік - ең мықты және ешқандай транспорт орнын өзгерте алмайтын. Бұл пайда болған транспорт ең маңызды транспорт болып табылды.

1901 жылы Карл Бенц бірінші болып төрт дөңгелекті автокөлік жасап шығарды. Бұл автокөліктер техникалық қызмет көрсетуі, жөндеуі және жүрісі жайлы, ұзақ жолға төзімді болуымен ерекшеленді.

Видеоролик «Қазақстандықтар электр қуатымен жүретін көліктерге көшіп жатыр»

Оқушы: Кәрібай Арыстан

Автомеханик – көлік жөндеу жұмысы мен техникалық қызметін жүзеге асыратын қызметкер. Мұнымен қатар, құрал-сайман мен аспаптарға диагностика жүргізіп, оның техникалық күйін бақылайды. Автомобильдерді сканерлейді. Автомобильдің толық әрі уақытылы қызмет көрсетуі, агрегат пен түйіндердің қайта қалпына келтірілуі, механизм мен детальдың реттелуі.

Оқушы: Сатбаев Еламан

Бұл – өте қауіпті мамандық. Құлап жарақат алады, көздеріне зақым келеді. Ауыр заттарды жиі көтергендіктен, сүйегі сынып, бұлшық еттері босаңсидаы. Токқа түсіп, терісі тілімденуі мүмкін. Осы секілді денсаулыққа кері әсерін тигізетін тұстары көп. Сол себепті бұл мамандықты екінші бірі игере алмайды.

Оқушы: Амір Еламан

Автомеханик мамандығына қойылатын талаптар:

Күш пен шыдамдылық;
көзбен өлшеу;
бұлшық еттің сезгіштігі;
есте сақтау қабілетінің жақсы болуы;
байқағыштық;
жылдам реакция таныту;
табандылық;
тәртіп;
ең бастысы, жауапкершілік.

Видеоролик «Күн сәулесінен қуат алатын көлік жасалды»

Жүргізуші 2:

Енді викториналық сұрақтарға жауап берсеңіздер.

- 1.Әлемдегі ең кішкентай автокөлік?
- 2.Әлемдегі ең ұзын автокөлік ұзындығы?
- 3.Ферари компаниясын құрушысы?
- 4.Ферари компаниясы күніне қанша автокөлік шығарады?
- 5.Радарды ойлап тапқан адам?
- 6.Көшелері автокөлікпен толы қала?
- 7.Ең үлкен автокөлік жүгірісі (пробег) ?
- 8.Күніне ең көп автокөлік шығаратын компания?

Оқушылардың жауаптары:

1. Peel р50 134см ұзындық, ені 99 см
2. 30.5 м
3. Энцо Ферари
4. 14 автокөлік шығарады
5. Роберт Уотсон-Уотт
6. Люксембург 1000 адамға шаққанда 570 автокөлік, ең қызығы ол жерде автокөлік кептелісі болмайды.
7. 5 миллион км.Бұл көрсеткіш Мерседес автокөлігіне тиесілі.
8. Тоята, күніне 13000 автоөлік.

Оқушы: Берікбол Жастықта әр тараптың басын шалсаң,

Қармақты тәуекел деп суға салсаң.
Еңбегің еңбектенген кетпес зая,
Міндетке бір жетерсің ойыңа алсаң.

Оқушы: Берік Түбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынан оқу оқып, білім алған.
Би болған, болыс болған өнер емес,
Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған.

Көк жүзіне алаулы,
Міндет емес ай болу.
Ең бастысы қалаулы,
Кәсібіңе сай болу!

Оқушы: Сембай Жандос

Білім алушыларға ескерту ережелер:
Өз болашағың өзіннің қолыңда! Ендеше өз болашағыңды анықтауда мына ережелер назарыңда болсын:

Мамандық таңдауда оның сырт келбетіне назар аударып қана қоймай, мүмкіндігінше қалаған мамандығың жөнінде көбірек білуге тырыс.

Егер мамандық сенің досыңа ұнаса, саған да ұнайды деген ойдан аулақ бол!

Сен үшін өзіңнің қолыңнан келетін істі мамандық етіп таңдаған пайдалы екенін есіңде ұста!

“Жақсы адам”- бұл мамандық емес. Егер саған бір адам ұнаса, оның меңгерген мамандығын мен де таңдауым керек деген қортынды жасауға болмайды. Заман ағымына қарай кейбір мамандықтар ескіріп, оның орнын басқа мамандықтар басып

жатыр. Сондықтан қосалқы таңдаған мамандығың болуы шарт

Қорытындысы

Ж. Аймауытов айтқандай

«Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ, мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» десек, Абай атамыз айтқандай «болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды сүйсеңіз. Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз» дегендей алға ұмтылып арманымызға жетіп, мамандық иесі болайық, егеменді еліміздің

ертеңі — маман иелері болуларыңызға тілектестігімді білдіреміз!

Өндірістік оқыту шеберінің сөзі:

Енді осымен біздің «Мен таңдаған мамандық – автомеханик» атты тәрбие сағатымыз аяқталды. Бүгінгі тәрбие сағатынан білім алушылардың өзінің мамандығын бұдан мақтаныш тұта отырып, «сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта бар қалан» деп Абай атамыз айтқандай келешекте мемлекетіміздің біліктіде білімді маман иесі болуларыңа тілектеспін!!! Зейн қойып, назар аударып, тыңдағандарыңызға рахмет!!!

Байгазиева Алтынкул Алыпбековна

Туған күні: 16.09. 1963

Білім:

Шымкент педагогикалық институт, тарих және педагогика, тарих, қоғам тану пәні мұғалім, тәрбие ісінің методисі, 1986

Қоғамдық қызмет:

«Жас ғалым» үйірмесінің жетекшісі

Педагогикалық өтілі: 36 жыл

Біліктілік санаты: жоғары

Еңбек қызметі:

1980- д/с «Звездочка», тәрбиеші,

1981-1986 ЖОО

1986-1991жж. №25 орта мектеп, тарих пәні мұғалімі,

1991-1995жж. Аудандық білім беру бөлімі, әдіскер

1995-2006 жж. №15 мектеп-лицей, тарих пәні мұғалімі,

2006-2014 жж. ШКЖЖТ колледж, әдіскер

2014-2016ж ж. АТУТЭК колледж, тарих пәні мұғалімі

2016 ж. Алматы Автомеханикалық колледж, әдіскер

Кәсіби жетістіктері:

2012 ж. Қазақстан Республикасының Білім Министрлігінің «Құрмет грамотасы»

2017 ж. «XXI ғасыр ғылымы» республикалық ғылыми конференцияға дайындаған оқушым 3-орын алды, Астана

2017 жыл 17 ақпан, «Тұран үміті-2017» VII қалалық ғылыми байқауға дайындаған оқушым 1-орын алды

2017 ж. Алматы қала әкімінен «Алғыс хат»

2017 ж. Республикалық ақпараттық-әдістемелік орталығынан «Алғыс хат»

2017 ж. Астана «Зияткерлік қоғам» республикалық ғылыми журнал редакторынан «Алғыс хат»

2017 ж. VII қалалық конкурстан 1-орын Алматы «Алғыс хат»

2017 ж. Алматы қала әкімінен «Алғыс хат»

2014 ж. «Мақтау қағазы» ОҚО, «Болашақ» колледжі

2015 ж. «Мадақтама» 3-орын Алматы Технология Университеті

2004-2013 жж., ОҚО ОББ-нан «Алғыс хат» «Құрмет» грамоталары, «Дипломдар»

2009, 2010, 2011, 2012 жж. Шымкент көлік коммуникация және жаңа технологиялар колледжінен «Алғыс хат» «Құрмет» грамоталары

Сертификат 2017 жыл 15 наурыз, халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференция материалдарының еңбектер жинағы 48-бет.

Сертификат, 2016 жылдың 17-29 қазаны аралығында «ТЖКБ ұйымдарында оқыту сапасын заманауи педагогикалық менеджмент негізінде арттыру» тақырыбында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курстарында 80 сағаттық оқытудан өткенін растайды Сертификат, 2016 жыл 16-қараша «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің жаңа формациядағы педагогі» атты қалалық семинарға қатысқаны үшін берілді

«Алғыс» 2017 жыл 15 наурыз «ТЖКБ ұйымдарының индустриалды-инновациялық даму жағдайындағы білім мазмұнын жаңғырту» тақырыбындағы

халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференцияға қатысқаны үшін берілді Сертификат, 2015 жыл мамыр, «Жетісу жағы Алаш қозғалысы» тақырыбында республикалық ғылыми конференциясы учебно-методическое пособие, УДК 94 (075.8), ББК 63.3, Б 18, «Божественная комедия» Данте Алигьери в изображении Сандро Боттичелли» Мен педагогтар отбасынан шыққанмын. Ата-анам 1961 жылы Шымкент қаласындағы педагогикалық институтты бітірген. Анам Баян Шонғарақызы орыс, қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі. Ал әкем Әліпбек Қадырұлы математика, физика пәндерінің мұғалімі. Ата-анам өздері педагог болған соң ба, әпкем Асыл Әліпбековна, сіңілім Әлия Әліпбековна және мен мұғалім мамандығын таңдап, қазіргі таңда үлкен еңбек өтілі бар тәжірибелі ұстаздар қатарында қызмет етіп жүрміз.

1986 жылы Шымкент педагогикалық институтты бітірдім. Осы жылы тұрмысқа шығып, отбасылы баолдым. Ұстаздық қызметіммен қатар ана атандым. Бұл сәт менің өмірімдегі ең қымбат кезең болғаны айқын. Себебі өмірде орнымды ерекшелейтін сүйікті маман иесі болдым және әйел бақыты болып саналатын ана атандым.

1986 жылы мен ұстаздық еңбек жолымды Шымкент қаласындағы №25 орта мектепте тарих пәні мұғалімі қызметінен бастадым. Ұстаздық өмірім мені шыңдап бүгінгі күнгі жетістіктеріме жеткізді. Сондықтан 2012 жылы. ҚР білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталдым. 1996 жылдан бері жоғары санатты тарих пәнінің мұғалімімін. 3 рет расталды: 2004 ж., 2009 ж., 2013 жылдары расталды.

2017 жылы, 15-наурызда «ТЖКБ ұйымдарының индустриалды-инновациялық даму жағдайындағы білім мазмұнын жаңғырту» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында «ТЖКББ ұйымдарында инновациялық технологиялар арқылы әдістемелік жұмыстың нәтижелігін арттыру» тақырыбындағы еңбегімді оқыдым, «Сертификат» және «Мадақтама» алдым, мақалам еңбектер жинағына 48-бетке енгізілді. 2017 ж. 17 ақпанда Алматы қалалық колледж білім алушылар арасында «Тұран-Үміті-2017» VII қалалық байқауында «Ы.Жайнақовтың Жетісу тарихындағы қоғамдық саяси қызметі» тақырыбына дайындаған оқушым I-орынға ие болды. Осы еңбегім бағаланып, Алматы Тұран университеті ректорынан және Алматы қала әкімінен «Алғыс хат» алдым. 2017 жылы 10-мамырда «XXI ғасыр, ылымы» республикалық ғылыми конференцияға дайындаған оқушым 3-орын алды, Астанадан Республикалық ақпараттық-әдістемелік орталығынан «Алғыс хатпен» марапатталдым. 2016 ж. желтоқсанда «ТЖКББ жүйесінің жаңа



формациядағы педагогі» Алматы қалалық семинарына қатысып, «Сертификат» алдым. 2015 жылы «Жетісудағы алаш қозғалысы» республикалық ғылыми конференциясында «Иса Тергеусізов алаш қайраткері» тақырыбында баяндама оқыдым, «Сертификат» алып, «Таң» теле арнасының кешкі жаңалығында сұхбат бердім. 2017 ж. сәуірде Астана қаласындағы «Зияткерлік қоғам» республикалық ғылыми журнал редакторынан мазмұнды мақалаларым үшін «Алғыс хат» алдым. 2006 ж. №12/39, 2007 ж. №02/41 «Мектеп» республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журналға «Тәуелсіздікке қол жеткізген желтоқсан», «Жанымызда жүр жақсы адам» тақырыптарында мақала жарияланды. 2007 жылы «Техникалық және кәсіптік білім беруді модернизациялау» тақырыбындағы қалалық семинарда оқыған баяндама маңыздылығымен ерекшеленіп, қаржылай сый ақы алдым. Осы баяндама 2007 ж. ақпан №05/428 «Болашақ» облыстық газетіне жарияланды. 2011 ж. сәуір №13/613 «Болашақ», 2011 ж. наурызда «Оңтүстік ұстазы» облыстық газеттерінде «Жаңа технологияларды тиімді қолдану» тақырыбында мақала жарияланды. 2009 ж. 21-22 қазанда облыстық ғылыми-әдістемелік конференцияның материалдар жинағына «Шығармашылық ізденіс рен кәсіби тәжірибешерлік шындау кепілі» еңбегім 306-бетке енгізіліп, конференция «Мадақтамасымен» марапатталды. 2011 ж. «Божественная комедия» Данте Алигьери в

Сегизбаева Ляззат Маулетхановна

Дата рождения: 12.08.1988

Место рождения: Казахстан, Восточно-Казахстанская область, г. Семей

Образование:

Семипалатинский педагогический колледж им.М.Ауезова, «Учитель начальных классов в малокомплектной школе и учитель английского языка в основной школе», 2008 год

Семипалатинский государственный пед. институт, «Иностранный язык: два иностранных языка», 2013 год

Педагогический стаж: 8 лет

Квалификационная категория: первая

Трудовая деятельность:

2008-2010гг.- ГУ «Ивановская средняя школа», г. Семей, учитель английского языка.

2010-2013гг.- ГККП «Центр поддержки системы 12ти-летнего образования и английского языка» управления образования г. Астана, преподаватель английского языка.

2014 май –2014 август- РГКП «Национальный центр образовательной статистики и оценки» Министерства образования и науки Республики Казахстан- эксперт лаборатории международных исследований (PISSA, PIRLS, TIMSS).

2014 август- 2014 октябрь - Международная школа «НурОрда» - ассистент учителя.

2014 ноябрь- 2015 февраль- ГУ «Средняя школа №20» - заместитель директора по учебно-воспитательной работе.

изображении Сандро Боттичелли әдістемелік оқу құралым (УДК 94 (072.8) ББК 63.3 Б 18 ISBN 9965-560-43-9) жарық көрді. Еңбегімді ескеріп ОҚО Білім Басқармасынан 2004 жылы-2 рет, 2009, 2011, 2012, 2013 жылдары «Құрмет грамотасы» — мен марапатталдым. 2006 жылы Д.И. Менделеев ат. №15 м-л директорынан «Мадақтама» алдым, 2001 ж. еңбек кітапшасына атқарған еңбектерім үшін алғыс жазылды. 2009, 2010,2011, 2012 жылдары Шымкент көлік, коммуникация және жаңа технологиялар колледжінің директорынан «Құрмет грамотасы» мен «Алғыс хатпен» марапатталдым. 2014 ж. педагогикалық оқуларға қатысып, ОҚО «Болашақ» колледжі директорынан «Мақтау қағазымен» марапатталдым.

2015 ж. №3, наурызда Алматы технологиялық университетінің «Технолог» газетінде «Батырлар мұрасы-ел бірлігінің куәсі» еңбегім жарияланып, осы жылы Алматы АТУ-да өткен «Мұқағали жырлары» байқауында 3-орын алып, «Мадақтама» алдым. 2015 ж. №3 желтоқсанда «Жас талант» Республикалық спорт колледжінің газетінде «Тәуелсіздік-бағым» еңбегім жарияланды. «Зияткерлік қоғам» республикалық ғылыми журналдың 2017 ж сәуірінде №5 санында «Кәсіптік білім беру ұйымдарында инновациялық технологиялар арқылы әдістемелік жұмыстың нәтижелілігін арттыру» тақырыбындағы мақала жарияланды. Алдағы уақытта ұстаздық жолда жақсы істің ұйытқысы болатыныма сенім білдіремін.

2015 февраль- 2015 август- КГУ «Физико-технический лицей №73»- заместитель директора по научно-методической работе.

2015 сентябрь- по настоящее время - ГУ «Средняя школа №25»- заместитель директора по научно-методической работе.

Профессиональные достижения:

Уровневые курсы: Окончила курсы учителей по образовательной программе повышения квалификации педагогических кадров РК «Лидерство учителя в педагогическом сообществе» в объеме 344 академических часов, г.Астана, ЦПМ, 8 августа-21 октября 2016 г.

Международного уровня:

1.Сертификат за публикацию в материалах Фестиваля педагогических идей «Открытый урок», ИД «Первое сентября», Председатель оргкомитета А.С.Соловейчик, г.Москва, 2010 г.

2. Сертификат за членство Педагогического клуба «Первое сентября», ИД «Первое сентября», Председатель оргкомитета А.С.Соловейчик, г.Москва, 2010г.

3. Сертификат за участие в Международном семинаре «New paradigm in foreign language education», г. Алматы, 2015 г., директор РНПЦ «Дарын» Ш.А.Кирабаева, MA University of Birmingham София Бат.

4. Сертификат за участие в X Международной педагогической олимпиаде «Талантливым детям»

«Талантливый учитель» г.Петропавловск, 2015 г., директор РНЦП «Дарын» Ш. Кирабаева.

5. Сертификат за участие в I Международной научно-практической конференции «Интеллектуальное развитие ребенка в современной образовательной среде», Астана 2015 г., Директор Института педагогики и психологии образования ГАОУ ВО МГПУ А.И.Савенко.

6. Алғыс хат за организацию и проведение Международного турнира «Пони» (Пойми! Открой! Найди! Исследуй!), Председатель оргкомитета по России В.И.Гагарин, Председатель оргкомитета по Казахстану А.Т. Тугельбаева, г.Астана, 2015 г.

7. Алғыс хат за организацию и проведение Международного турнира «Пони», Председатель оргкомитета по России В.И.Гагарин, Председатель оргкомитета по Казахстану А.Т. Тугельбаева, г.Астана, 2016 г.

8. Алғыс за активное участие в работе проекта для учителей «Инфоурок», главный редактор международного проекта И.В.Жаборовский, 2015 г.

9. Алғыс за помощь в проведении олимпиад проекта для учителей «Инфоурок», главный редактор международного проекта И.В.Жаборовский, 2015 г.

10. Свидетельство об участии в вебинаре на тему: «Неуспеваемость обучающихся: причины и предупреждение», главный редактор международного проекта И.В.Жаборовский, 2015 г.

11. Свидетельство об участии учащихся и занятые призовые 1,2,3 места в Международной олимпиаде по английскому языку «Инфоурок», главный редактор международного проекта И.В.Жаборовский, 2015 г.

12. Диплом за представления своего педагогического опыта на Всероссийском фестивале «Открытый урок», ИД «Первое сентября», Председатель оргкомитета А.С.Соловейчик, г.Москва, 2010 г.

Республиканского уровня:

1. Алғыс хат за активное участие в проведении III Республиканских соревнований среди студентов, Управляющий директор Международной школы ментальной арифметики USMAS А.Р. Каирбаева, г.Астана, 2015 г.

Городского уровня:

1. Сертификат о прохождении языковых курсов «Speak English like an American», СГПИ, г.Семей, 2010 г.

2. Сертификат о прохождении курсов по подготовке к международному экзамену IELTS, ГККП «ЦАЯ» УО, г.Астана 2010 г.

3. Сертификат за участие в работе круглого стола и тренинга по теме «Проведение мероприятий по профилактике правонарушений среди учащихся организаций образования города Астаны», Э. Суханбердиева, г.Астана 2014 г.

4. Сертификат за участие в августовской конференции «Білім берудің инновациялық стратегиясы – мемлекеттің, қоғамның және жеке тұлғаның тұрақты даму факторы», Э.Суханбердиева, г.Астана 2014 г.

5. Сертификат за участие в научно-практической конференции, посвященной празднованию 100-ия И.Есенберлина, Э. Суханбердиева, г.Астана, 2015 г.

6. Сертификат за участие в городском семинаре на тему: «Мониторинг результатов повышения квалификации педагогических работников организаций образования», АО «НЦПК «ӨРЛЕУ» ИПК г. Астана, 2015 г.

7. Сертификат за участие в городском семинар-тренинге на тему: «Педагогтардың жеке басының, кәсіби және отбасы жағдайларын қолдау көрсету», РНЦП «Астана дарыны» г. Астана, 2015 г.

8. Алғыс хат за участие учащихся в городской олимпиаде по английскому языку, г.Семей, 2010 г., М.Ескендиоров

9. Алғыс хат от начальника Управления образования г.Астаны Э.Суханбердиевой, Астана, 2014 г.

10. Была в составе аттестационной комиссии следующих учреждений образования: КТЛ (для девочек), КГУ «Средняя школа №68», ГУ «Детский сад-школа-гимназия №46», ГУ «Средняя школа №41», НОУ «Экономический лицей», ГУ «Школа-лицей №70, г.Астана, 2015-2017 гг.

Достижения учащихся:

Альжанова Альмира:

